

**Б Е К І Т І Л Д І :**

Мектеп директоры

**Х.М. Ахметов**

**Жалпы орта білім беретін  
Ақтау мектеп – балабақша кешенінің  
2018 – 2019 оқу жылына арналған  
жылдық жұмыс жоспары  
(2018 жылдың 28 тамызында өткен  
№1 педагогикалық кеңестің хаттамасымен бекітілді)**

**2018 – 2019 оқу жылы**

1	<b>БӨЛІМ I</b> Жалпы орта білім беретін Ақтау мектеп – балабақша кешенінің 2017 – 2018 оқу жылының жұмысына талдау	
2	<b>БӨЛІМ II</b> Мектепті басқару жүйесі Мектептің жаңа 2018–2019 оқу жылына мақсат – міндеттері	
3	<b>БӨЛІМ III</b> Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту	
4	<b>БӨЛІМ IV</b> Педагогикалық кадрлармен жұмыс	
	4.1 Аттестация	
	4.2 Педагогикалық біліктілік пен кәсіби шеберлікті жетілдіру	
	4.3 Жас мамандармен жұмысты ұйымдастыру	
	4.4 Педагогикалық кеңес жоспары	
	4.5 Директор жанындағы кеңес жоспары	
	4.6 Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру	
5	<b>БӨЛІМ V</b> Педагогикалық ұжымның оқу процесін жетілдіру бағытындағы жұмысты ұйымдастыру	
	5.1 Инновациялық жұмысты ұйымдастыру	
	5.2 Жаңартылған білім мазмұны бағдарламасын енгізу жұмыстары	
	5.3 Мектеп координаторының жұмыс жоспары	
	5.4 Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты ұйымдастыру	
	5.5 Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру	
6	<b>БӨЛІМ VI</b> Мектепшілік бақылау	
7	<b>БӨЛІМ VII</b> Тәрбие жұмысын ұйымдастыру	
8	<b>БӨЛІМ VIII</b> Оқу – материалдық база мен қаржылық – шаруашылық қызметті нығайту	
9	<b>БӨЛІМ IX</b> Қосымша жоспарлар	
	2018 – 2019 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары	
	Мектептің даму жоспары	
	Сабақтастықты ұйымдастыру жоспары	

Мектеп кітапханасының жұмыс жоспары	
Психологиялық қызмет жұмыс жоспары	
Ата – ана комитетінің жұмыс жоспары	
Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары	
«Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары	
Инклюзивті кабинеттің жұмыс жоспары	
Медициналық қызметті ұйымдастыру жоспары	
Мектеп мұражайының жұмыс жоспары	

## **МАЗМҰНЫ**

### **БӨЛІМ I Жалпы орта білім беретін Ақтау мектеп-балабақша кешенінің 2017-2018 оқу жылындағы жұмысына талдау**

#### **«Жалпы орта білім беретін Ақтау мектеп-балабақша кешені» мемлекеттік мекемесінің жалпы сипаттамасы**

Жалпы орта білім беретін Ақтау мектеп-балабақша кешені 1965 жылдан бастап жұмыс істейді. 1986 жылы мектеп 624 орындық жаңа ғимаратқа көшкен. Мектеп бір ауысымда жұмыс істейді. Сабақ кестесі негізінен санитарлық – гигиеналық талаптарға және жұмыс оқу жоспарына сәйкес құрастырылды.

**Мектептің тақырыбы:** «Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыру».

**Негізгі мақсат:** «Сапалы білім, саналы тәрбие беру».

**Мектептің өткен оқу жылында алдына қойған мақсаты бірнеше бөліктерден тұрды. Олар:**

а) оқу бағдарламасы бойынша оқушыларға білім беруде білім стандартының талаптарын қамтамасыз ету;

ә) озат тәжірибелер мен инновациялық оқыту технологиясын ұтымды пайдалана отырып оқу сапасын арттыру;

б) оқу –тәрбие жұмысының сапасын арттыруда ата-аналармен тығыз байланыста болу;

в) оқушылардың сабаққа толық қатысуына, жан-жақты дамуына педагогикалық басшылық жасау.

**Мектеп жасындағы оқушыларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту туралы**

Мектептің ең негізгі міндеті – мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту. Олай болса Ақтау ауылында және Ақтау ауылдық округіне қарасты елді мекендерде тұратын 0-18 жас аралығындағы барлық балаларды тіркеуге алу, мектеп жасындағы оқушыларды түгел оқуға тарту жұмыстары жүргізілді. Балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту барысында әр түрлі категориядағы отбасы балаларымен жұмыс жасалды.

Денсаулығы нашар, әлеуметтік жағдайы төмен , сәтсіз отбасы балаларымен жұмыстар жүргізіліп, ата-аналармен қатынаста болып, мектептен ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Мектебі жоқ елді мекендерде (Қызылбас, Ақкүтір, Черная Падина) тұратын балалардың оқып жатқан мектептері, тұратын орындары (интернат, туыстары) анықталды.

### **Оқу бағдарламаларының орындалуы**

2017-2018 оқу жылында мектеп ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» Заңының ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ҚР Мемлекеттік Жалпыға бірдей білім беру стандарты, ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі «Жалпыға білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің , таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларының негізінде және ҚР Білім және ғылым Министрлігінің 2012 жылғы 8 қарашадағы «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2013 жылғы 25 шілдедегі №296 бұйрықтары, 2017-2018 оқу жылында «ҚР жалпы орта білім беру ұйымдарында ғылым негіздерін оқыту ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатын, сыныптардың оқу жүктемесі ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы « Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» №179 қаулысына сәйкес құрылды.

Мектептің жұмыстық оқу жоспарларын іске асыру бағыты мен мазмұны және жүктеме сағаттарының нормалары жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар талаптарына сәйкес орындалуы қадағаланды. Оқу жоспарларымен белгіленген инвариативті және вариативтік сағаттарын толық пайдалануын қамтамасыз ету бақылауда болды.

1-11 сыныптардың оқу бағдарламалары жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылды. Оқу жоспарының базалық және инвариативтік бөліктері толығымен іске асырылуы қамтамасыз етілді. Оқу жоспарларының вариативтік бөлігі мектеп миссиясымен ұштастырылып құрылды және оқушылардың танымдық қызығушылығын қанағаттандыруына арналды. Жалпы факультативтік сағаттар оқушылардың эстетикалық тәрбиесін, ойлау қабілеттерін кеңейту, пәнге деген қызығушылықтарын қалыптастыру бағыттарына ұйымдастырылды. Атап айтқанда, оқушылардың және ата-аналардың арасында сауалнамалар өткізіліп, бастауыш сыныптарда «Қызықты математика», «Тіл дамыту», «Қызықты грамматика», «Ақпараттық негіздер», негізгі буында «Лингвист», «Қызықты фонетика», «Өлкетану», «Дінтану» т.б., жоғары сатыда жаратылыстану – математикалық бағыттың тарихи-филологиялық бағдарында «Стилистика», «Сөз өнерінің негіздері», «Абайтану», «Тарихи тұлғалар» т.б. пәндеріне сәйкес мемлекеттік стандарттарының принциптері негіздерінде 1 сағаттық факультативтер оқу жоспарларына бағдарламалар құрылды және іске асырылды.

2017-2018 оқу жылын 143 оқушы аяқтады.

Оның: 1-4 сыныптарда – 70

5-9 сыныптарда – 54

10-11 сыныптарда – 19

Мектеп оқушыларының жалпы сапасы 63% құрады. 2015-2016 оқу жылында білім сапасы - 60%, 2016-2017 оқу жылында 61% білім сапасының біртіндеп көтеріліп келе жатқаны байқалды.

2017-2018 оқу жылында 11 сыныпты 6 оқушы тәмамдады. ҰБТ-ге 3 оқушы қатысты. ҰБТ қорытындысы бойынша мектеп бойынша орташа балл 75,5 құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 5 баллға артық.

Оқушылардың пән бойынша білім көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ, оқу сауаттылығынан орта балл – 17. 3 оқушының екеуі өз білімдерін дәлелдесе, 1 оқушы жыл бойы жинап жүрген деңгейінен төмен балл жинады. Ол Нажимова Айжамал.

Қазақстан тарихы пәнінен орта балл – 12. Сүлейменова Ақбаян мен Галиева Мариям жыл бойы жинап жүрген көрсеткішінен көрінсе, Нажимова Айжамал өз білімін дәлелдей алмады. Математикадан орта балл – 8,8. Тандау пәндері бойынша Физикадан орта балл – 20,5, биологиядан орта балл – 15.

Жалпы оқушылардың көрсеткіштері өкен жылдармен салыстырғанда жоғары. Алдағы уақытта да 7-11 сынып оқушыларына ҰБТ дайындық жұмыстары барысында ғаламтор желісіндегі онлайн тестілеу орталықтарының ресурстарын пайдалану, қосымша анықтамалық құралдармен қамтамасыз ету жалғастырылмақ. Әр пән мұғалімдері дайындық жұмыстарының барысында әрбір байқау сынақтарына қорытынды жасап, талдап отырды. Қатемен жұмыстар жүргізіліп, қайталанатын тақырыптар анықталып отырды. Әр пән мұғалімдерінің тест базасы үнемі толықтырылып, оқушылармен жұмыс жүргізілді. Пән кабинеттері қажетті анықтамалық құралдармен үнемі толықтырылып, қажетті көрнекіліктермен қамтамасыз етілген.

Мектеп түлектерінің еңбекке орналасуы мектептің жалпыға бірдей білім беруді жүзеге асыру жоспарына сәйкес қадағаланады. 2017-2018 оқу жылында 10 оқушы аяқтаса олардың алтауы мектебімізде, 4 оқушы колледждерде білімдерін жалғастырып, «Сәулет» МЛ-нен 1 оқушы келіп қосылды.

11 сыныптың 6 оқушысының ҰБТ-ге қатыспаған 3-оқушысы колледждерде білім алуда, ал ҰБТ тапсырған 3 оқушы ЖОО-не түсті (2-грант, 1-ақылы).

Оқушылардың білім деңгейінің талапқа сай екендігін дәлелдеп, шығармашылық деңгейлерін көрсететін шаралардың бірі пән олимпиадалары. 2017-2018 оқу жылында аудандық пән олимпиадасына 7 оқушы қатысып 2жүлделі орындарға ие болды. Айсағалиева Жамила физика пәнінен II орын, Молдашева Анель орыс тілінен III орынға ие болды.

Аудандық кіші пән олимпиадасында 7 сынып оқушысы Хамидуллина Мөлдір ІІІ орын.

Сонымен қатар мектебіміздің оқушылары әртүрлі деңгейдегі спорттық және туристік сайыстарға қатысып, үнемі жүлделі орындардан көрінуде.

### **Педагогикалық кадрлармен жұмыс**

Мектепте өткен оқу жылында 34 мұғалім қызмет атқарды, 25 жоғары білімді, яғни, 73%, арнаулы орта білімді 9. Барлығы мамандықтарына сәйкес қызмет атқаруда. 3 жоғары, 12 бірінші санатты, бұл ұжымның 44% құрайды. ІІ санатты 12, ал 7 мұғалім санатсыз.

Аттестация – педагогикалық біліктіліктің бір бөлігі. Ол мұғалімдердің шеберлігін шыңдап, шығармашылық белсенділіктерін арттырып, педагогикалық еңбектің жиынтығын көрсетеді.

Педагогикалық кадрлардың аттестациясы 2017 жылғы №83 бұйрыққа сәйкес өткізілді. Аттестацияға дайындық барысында мұғалімдердің портфолиолары аттестациялық комиссия отырыстарында қаралды.

Өткен оқу жылында І санаттарын қорғауға қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Алмағамбетова Г.Т. мен АӘД пәнінің мұғалімі Қойшығалиев М.Х. өтініш білдірсе аттестациялық кестеге сәйкес өз санатын көтеруге І санатқа химия пәнінің мұғалімі Атабаев Т.М. санаттарына сәйкестігін дәлелдеді. Сонымен қатар, ІІ санатқа бастауыш сынып мұғалімі Жубанышева Ұ.А. өтті.

Кадрлармен жұмыс жасау мәселесі мекепе әкімшілігінің бақылауында. Әкімшілік өз кезегінде мектептің кәсіподақ ұйымымен үнемі байланыста болады. Ұжымдағы психологиялық ахуал қанағаттанарлық деңгейде.

Мектептің педагогикалық ұжымы тілдерді қолдану мен дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңын, тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың талдауы жасалып, жылына екі рет қорытындысы директор жанындағы отырыстарда қаралады.

Мектептің оқу – тәрбиелік үдерісті асыруға қажетті оқу-материалдық базасы бар, оның барлығы аудандық білім бөлімінің нормативтік құжаттарына сәйкес атқарылады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында 15 мұғалім білім жетілдіру курстарынан өтті. Мектепте мұғалімдердің педагогтік шеберліктерін жетілдіруге, оқу үдісін өткізіп және қамтамасыз етуге барлық жағдайлар жасалған. Білім беру үрдісінің сапасын арттыруға қажетті жағдайлар бар. Мектеп қызметінің оқу – тәрбиелік үрдістің негізгі мәселелері бойынша мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым өз қызметтерін нормативтік құжаттардың талаптарына сай жүргізіп, сонымен қатар, мемлекеттік білім беру стандарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

### **Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңын орындау.**

ҚР «Тіл туралы» Заңын орындау мақсатында мектептің іс-құжаттары, кіріс, шығыс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектептің ішкі-сыртқы безендіруі талапқа сай. Мектепте қазақ тілі және ағылшын тілі кабинеттері бар. Ұжымда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен -2 мұғалім, орыс тілінен – 3 мұғалім, ағылшын тілінен – 3 мұғалім, барлығы да жоғары білімді. Біліктілік санаттары бойынша: Жоғары санатты – 1 мұғалім, I санатты – 3 мұғалім, II санатты – 3 мұғалім, санатсыз – 1 мұғалім еңбек етті. Қыркүйек айында «Тілдер апталығы» өткізіліп, жоспарға сай барлық іс-шаралары ұйымдастырылды.

Мектеп қазақ тілінде білім беретін мекеме болғандықтан оқу-тәрбие жұмысы мен іс-қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Жоғары ұйымдарға есептер мен мәліметтер қазақ тілінде тапсырылады. Статистикалық есептер, қаржылық құжаттамалар тиісті мекемелердің жұмыс істеу тілі – ресми тілде жүргізіледі. Мектеп қызметкерлерінің, басқа азаматтардың, ата-аналардың, оқушылардың т.б. өтініштері ана тілінде жазылып, жазылған тілде қабылданады.

Барлық кәсіпорындармен және мекемелермен хат жазысу, қатынас қағаздары мектеп тарапынан ұдайы мемлекеттік тілде жүргізіледі. Сонымен бірге, мектеп ішін безендіру, ақпараттық көрнекілік мәліметтер мемлекеттік тілде жазылады.

### **Мектептің материалдық – техникалық базасы.**

Мектептегі оқу бөлмелері жарық, жылы. Физика, химия, биология, информатика және мультимедиалық кабинет толық жабдықталған. Спорт зал, шеберхана, кітапхана, асхана, дәрігер бөлмесі бар. Мектеп дәлізінде мемлекеттік рәміздер бұрышы, сабақ кестесі және хабарландыруларға Президент жолдауына арналған стендтер, спорттық жетістіктер стенді, оқу озаттары мен мектеп белсенділеріне, мектептің қоғамдық өміріне арналған стендтер және денсаулық бұрыштары бар. Дидактикалық материалдармен әр мұғалім өздері қамтылған. Мектепте 12 интербелсенді тақта бар.

### **Оқу – әдістемелік жұмыс.**

Өткен оқу жылында мектеп төмендегі әдістемелік тақырып бойынша жұмыс жасады:

«Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын қолданып, мұғалімдердің кәсіби құзіретін жетілдіру, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру».

Осыған орай мынадай міндеттерді анықтады:

- 1.Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес оқытудың сапасын арттыру.
- 2.Тұжырымдамалық негіздерін оқып-үйрене отырып, мектеп тәжірибесін оқытудың тиімді технологияларын сатылап ендіру.
- 3.Жаңа технологияларды қолдану бағытындағы озат педагогикалық тәжірибені зерттеп, тарату.
- 4.Оқытудың сапасын байқау үшін тесттік тапсырмалар жасау, қорытынды емтиханға даярлау.
- 5.Оқу-тәрбие үрдісіне диагностикалық талдау жүргізу.

6. Дарынды және нашар оқитын оқушылармен жұмысты ұйымдастыру.

7. ҰБТ мен ҚА, ОЖСБ-ға дайындық барысында әр оқушының қабілетін ояту, өзін-өзі басқаруға жетелеу, жоғары оқу орындарымен байланыс жасау.

2017-2018 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие жөніндегі туындаған мәселелер негізінде әдістемелік жұмыс жоспары жасалды.

Мектебіміздің әдістемелік жұмысында жаңаша оқытудың жолдарын тауып және оны дамыту мен қалыптастырудың алғы шарттарын жүзеге асыру мақсатында жұмыстың үлгісі мен әдіс – тәсілдері басшылыққа алынды.

Мектептің әдістемелік жұмыс жоспары бойынша 5 әдістемелік кеңес және ӘБ отырыстары болып өтті, онда қаралған мәселелер: жаңа технология негізінде оқу процесін жетілдіру, пән апталықтарын өткізу, мұғалімдерді аттестациялау жұмыстары, оқушыларды мектепшілік, аудандық пән олимпиадаларына дайындау, жаңа технологияларды қолдану бағытындағы озат педагогикалық тәжірибені тарату, білім беруді нәтижеге бағыттау арқылы білім сапасын арттыру жолдары, оқытудың тиімді технологияларын мектеп практикасына ендіру бағытындағы тәжірибе алмасу жұмыстары, нормативті құжаттар мен педагогикалық-психологиялық әдебиеттерге шолу, тағы сол сияқты мәселелер, қажетті тақырыптарда әдістемелік баяндамалар тыңдалып, пікір алысулар жүргізілді.

Алға қойған міндеттерді жүзеге асыру үшін мектепте нормативтік-құқықтық құжаттар базасы, нұсқаулар мен қажетті ережелер, мектеп кітапханасында керекті құжаттар жинақталған. 2017-2018 оқу жылына арналған мектептің жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде және ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы негізінде дайындалып, өткізілді. 2017-2018 оқу жылының мектеп басшысымен бекітілген оқу жоспарында мектеп компоненті, оқушы компоненті негізінде үйірме, таңдау пәндері жүргізіледі. Бағдарлама курстары мектеп жоспарына сәйкес, оқушылардың өтініштері мен талаптары бойынша таңдалынып алынған. Барлық курстардың, таңдау пәндері және үйірмелердің күнтізбелік жоспарлары жасалып, бекітілді. Жоспарлауда отырыс тақырыптары, оқыту семинарлары, мұғалімдердің өз білімдерін жетілдіру жоспары және әдістемелік тақырыптары анықталды. Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысын жақсарту мақсатында мектепшілік бұйрық бойынша әдістемелік кеңес құрылды, ӘБ жетекшілері тағайындалды.



## Пән әдістемелік бірлестіктері құрамы:

### Жаратылыстану – математика пәндері бірлестігі

Әдістемелік тақырыбы : «Пән бойынша оқушылардың білім сапасын жоғары дәрежеге көтеруде жаңа технологиялық әдістері қолдана отырып , пәнаралық байланысты күшейту» тақырыбы бойынша жұмыстанады.

Жетекшісі Суюнчалиева Алия Каирғалиевна , математика пәні мұғалімі, жоғары санатты, еңбек өтілі – 31 жыл. Бірлестік құрамында 6 мұғалім : 2 математика пәні мұғалімі, 1 география, 1 физика информатика, 1 химия, 1 биология пәні мұғалімі болды.

№	Мұғалімнің аты жөні	еңбек өтілі	Сана-ты	пәні	Сабақ беретін сыныптары	Сағат саны
1	Суюнчалиева А.К.	31	жоғ	Математика	5,6,9,11	22
2	Нурхатова А.Б.	2	-	Математика	7,8,10	18
3	Еркашова С.С.	18	I	Физика-информатика	5-11	25
4	Атабаев Т.М.	8	II	химия	7-11	9
5	Аманғалиева А.А.	9	II	биология	5-11	9
6	Жексен Е.Б.			география	5-11	12

### Қоғамдық – гуманитарлық пәндер бірлестігі:

Әдістемелік тақырыбы: «Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы оқушылардың ауызша және жазбаша тілін дамыту бойынша жүргізілетін жұмыстың алуан түрлері арқылы оқытудың сапасын көтеру»

Бірлестік жетекшісі-Алмағанбетова Г.Т қазақ тілі пәні мұғалімі, еңбек өтілі -11 жыл Әдістемелік бірлестік құрамында 10 мұғалім жұмыстанады.

№	Мұғалімнің аты- жөні	Еңбек өтілі	санаты	пәні	Сабақ беретін сыныптары	Сағат саны
1	Жумашева А.Г	35	бірінші	Ағылшын пәні	1-11	9
2	Аспандияров К.Ш	37	жоғары	Қазақ тілі,әдебиет	6,7,10,11	
3	Алмағанбетова Г.Т	11	бірінші	Қазақ тілі,әдебиет	5,8,9	18
4	Ахметова Ж.Е	4	-	тарих	5-11	25
5	Беркалиев Е.И	27		Орыс	6,7	9

				тілі,әдебиет		
6	Беркалиева Г.Р	31	бірінші	Орыс тілі,әдебиет	1-11	23
7	Айғалиева Г.С	35	екінші	Орыс тілі,әдебиет	2,3,4	9
8	Жангадирова Ж.А	1	-	Ағылшын тілі	1,5,7	9
9	Исмагулова Г.Т	2	-	Өзін-өзі тану	1-11	15
10	Габдуалиева Н.Т	9	екінші	психолог	-	-
11	Кенжебаева Д.Г	5	екінші	Ағылшын пәні	1,5,7	18

### АӘД, дене шынықтыру, технология, музыка пәндері бірлестігі

Әдістемелік бірлестік тақырыбы: «Мұғалімнің кәсіби құзретін жетілдіре отырып, жан-жақты дамыған жеке тұлға қалыптастыру». Бірлестік құрамында 6 мұғалім – музыка пәні мұғалімі, технология, АӘД, дене шынықтыру, бейнелеу өнері, сызу пәндері мұғалімдері.

№	Мұғалімнің аты-жөні	Еңбек өтілі	Санаты	Пәні	Сабақ беретін сыныптары	Сағат саны
1	Шайхиева Г. Ж.	13	II	Технология	5-11	8
2	Койшибаев Д. М.	17	I	Бейнелеу өнері, сызу, технология, дене шын.	3,4, 5-11 5-9	24
3	Қойшығалиев М. Х.	26	I	Дене шын., АӘД	10-11	9
4	Каримов С. Ж.	11	I	Дене шын.	Балабақша, 1,2,5,7,9,10,11	24
5	Тасмуханов Қ. М.	2	жоқ	Дене шын.	Даярлық топ, 3,4,5,6,7,	18
6	Аманғалиев Е. З.	5	жоқ	Музыка	Балабақша, даярлық топ, 1-6	9

### Мектепке дейінгі білім беру жүйесі

Ақтау селолық округы бойынша мектеп жасына дейінгі балалар 100 пайыз қамтылды. Мектепте 1 мектепалды даярлық, 1 балабақша, 1 шағын орталық жұмыс жасайды. Мектепалды даярлық тобында 16 бала, балабақшада 17 бала, шағын орталықта 15 бала тәрбиеленуде. Жыл басынан балаларға ыңғайлы орта қалыптастырылды. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілері мектепшілік тәрбие жұмыстарына белсене қатысады. «Білім күні», «Алтын күз», «Президент күні», «Жаңа жыл» ертеңгіліктері өз мәнінде өтті.

Білім беру процесі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылады.

№	Мұғалімнің аты - жөні	Еңбек өтілі	Санаты	Әдістемелік тақырыбы
1	Шинбаева Миргуль Николаевна	4	жоқ	«Инновациялық технологияларды қолданып, тәрбиешілердің кәсіби күзіретін жетілдіру»
2	Арыстанова Айнур Есимовна	15	II	«Дидактикалық ойындар арқылы балалардың ой-өрісін дамыту»
3	Нигметова Айнагуль Жумағалиевна	1	жоқ	«Ойын технологиясы арқылы балалардың тілін дамыту»
4	Темирбекова Гульмира Тулегеновна	10	II	«Ойын технологиясы арқылы балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру»
5	Галиева Гульнур Темирхановна	13	II	«Баланы жан – жақты дамыту үшін жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану»

Ашық ұйымдастырылған оқу-іс әрекеттері өткізілді. Коммуникация білім беру саласы бойынша «С» әрпі» сауат ашу негіздері–Арыстанова А. Е, таным білім беру саласы бойынша «Ойнайық та ойлайық» - Галиева Г.Т, таным білім беру саласы бойынша «Үй жануарлары» - Темирбекова Г. Т

Салауатты өмір салтын қалыптастыруда мектепалды даярлық, балабақша, шағын орталық топтарында ойын – сауық, қимылды ойындар, денсаулық күндері жоспарға сай өткізілді. Балалардың денсаулығын нығайту барысында медбике Жаукенова К. Е қадағалауымен күн, ауа, топырақ ванналарын қабылдау, тамақтарын шәю, тыныс алу жаттығулары сияқты шынықтыру шаралары жүргізілді. Күзгі – көктемгі мезгілдерде аурулардың алдын алу жұмыстарын жүргізуде ата – аналардың келісімімен ауылдық емхананың фельдшері тұмауға қарсы егулер жасады.

## Сынып жетекшілер бірлестігі

Биылғы 2017-2018 оқу жылында сынып жетекшілер әдістеме бірлестігінде 11 мүшесі бар. Оның ішінде жоғары санатты – 1, I санатты – 3, II санатты – 6, разрядтағы – 1.

Әдістемелік бірлестіктің мақсаты: ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын іске асыру мақсатында сынып жетекшілерінің құзыреттілік шеберлігін арттыру арқылы мектептің тәрбие жұмыс жүйесінің даму әдістерін жетілдіру.

Міндеттері: 1. Психология және педагогика мәселелері бойынша сынып жетекшілердің теориялық, ғылыми-әдістемелік деңгейлерін көтеру

2. Сынып жетекшілерінің тәжірибелерін жинақтау, оқып үйрену, тарату

3. Оқушылардың әлеуметтенуі мен тәрбиеге деген бірдей принциптік жақындаудың орындалуын қамтамасыз ету

4. Сынып жетекшіге тәрбие жұмысының ұйымдастыруға кәсіби бағдар мен өз білімінің үздіксіз жетілдіру қажеттілігіне жағдай жасау

Осындай мақсаттарды жүзеге асыру үшін жаңа оқу жылына жоспар құрып, сынып жетекшісі жұмысын ең алдымен оқушыларды, олардың арасындағы қарым-қатынастарды, оқушылардың отбасын зерттеуден бастады. Зерттеу барысында сынып оқушыларының тәрбиелік дәрежесі анықталды. Соған байланысты тәрбиелік міндеттер мен мақсат айқындалды. Белгіленген мақсатқа сәйкес тәрбие жоспары жасалды. Сынып жетекшісі жоспар жасағанда балалардың жеке дара ерекшеліктерін зерттеп, әр оқушының отбасындағы тәрбиесін зерттеп, талдау, оқушы мен ұжымның тәрбиелік деңгейін талдап, бағалау, сынып ұжымының қалыптасуы мен дамуын зерттеп, сыныпқа мінездеме жасады.;

Қазіргі мектептегі сынып жетекшінің атқаратын қызметі ,(22.08.17 ж.,№1 хаттама) Жас ұрпақты тәрбиелеудің негізі-тәрбие үрдісінде жаңашыл тәсілдерді пайдалану. Патриоттық сезімді қалыптастыру жолдары , (08.11.2017 ж. №2 хаттама), «Қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі» іс тәжірибемнен «Бала жақсы оқу үшін қалай көмектесу керек» (09.01.2018ж., №3 хаттама) «Білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолдары»

Оқушы шығармашылығын дамытудың алғы шарттары және сыныптан тыс жұмыстар , (30.03.2018ж., №4 хаттама), 2017-2018 оқу жылындағы сынып жетекшілері жүргізген жұмыстарының қорытынды сараптамасы және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер .

Барлық сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді. Ашық тәрбие сағаттары мазмұнды, жас сынып жетекшілерге үлгі боларлықтай шебер ұйымдастырылды, интерактивті тақта қолданылды, мультимедия және компьютер пайдаланылды. Технологиялық ақпараттық құралдар (магнитофон, бейнетаспа)

қолданылды.

Әрбір сыныптарда әрбір оқушыға портфолио жасалынып, оқушылардың шығармашылығын дамытуға негізделген.

Оқу жылы аяғында барлық сынып жетекшілері тәрбие жұмысы бойынша атқарған жұмыстарына сараптама жасалып салыстырылады, есеп береді. Тәжірибелі мұғалімдер мен жас мұғалімдер, үнемі тәжірибе алмасып, әдістемелік отырыс өткізіліп, мұғалімдер пікірлерін айтып талқылады. Сәуір айында жас мамандар айлығы өтті.

Жыл бойына өткізілген мерекелік іс-шараларға барлық сыныптар белсене қатысты, сынып жетекшілер өз сыныптарымен мектеп кітапханасымен тығыз байланыста болды, конференциялар, кітап көрмелерін ұйымдастырып, бірлесе іс-шараларды ұйымдастырды.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруына сынып жетекшілер ат салысты. Жаз бойы мектеп участкілерінде мектеп ауласын коғалдандыру мақсатында сынып жетекшілер сынып ұжымдарымен үлкен жұмыс атқарды.

**Қорыта келгенде әдістеме бірлестігінің биылғы оқу жылы барысында алдына қойған міндеттерінің бірі озат тәжірибені жинақтау мен тарату жұмысын жандандыру керек.**

**Сонымен қатар, облыстық және аудандық білім беру бөлімдерінен келген кіріс құжаттары негізінде арнайы жоспар құрылып, шаралар өткізілді.**

### **Балалардың денсаулығын және өмір қауіпсіздігін қорғау**

Тәрбие үрдісі барысында оқушылардың өмір қауіпсіздігін сақтау үшін әр түрлі тәрбиелік шаралар жүргізілді. Мектеп оқушылар міндетті түрде нұсқаудан өтеді:

- Жолда жүру ережесі бойынша
- Өрт қауіпсіздігі
- Іс шаралар мен мерекелер кезіндегі қауіпсіздік
- Белгісіз заттарды немесе жарылғыш заттарды тауып алған кездегі қауіпсіздік
- Мұздағы қауіпсіздік, қыс мезгіліндегі қолайсыз ауа райы кезіндегі қауіпсіздік
- Көктем мезгіліндегі өзен жағалауындағы қауіпсіздік
- Жаз мезгілінде өзенге шомылу қауіпсіздігі
- Сенбілік, жорықтарға шыққан кездегі қауіпсіздік

Қауіпсіздік ережелері бойынша 5-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары, кеңес сабақтары, әңгімелер өткізіліп, қауіпсіздік ережесімен оқушылар мен олардың ата-аналары таныстырылып, арнайы журнал жүргізілді. Ата-аналармен «Баланың қауіпсіздікке және отбасында зорлық-зомбылыққа ұшырамау құқығы туралы» жиналыс өткізілді. «Қауіпсіздік ережелері» атты сауалнама жүргізілді.

2017-2018 оқу жылында жоспарлы шаралармен қатар, аудандық білім беру бөлімінің бұйрығына сәйкес «Қауіпсіз мектеп» акциясы өтті. Акция барысында флеш-моб, сурет көрмесі өткізілді. Оқушылардың түрлі төтенше жағдайлар кезіндегі қауіпсіздікті сақтай алу дағдыларын анықтау мақсатында сауалнамалар жүргізілді.

## **Психологиялық қызмет**

Мектептегі психологиялық қызметтің ең негізгі басты мақсаты – жеке тұлғаның ой-өрісі мен біліктілігі, логикалық ойлауы, сөйлеу тілінің кемістігін, жеке тұлғаның ой-өрісі мен біліктілігі, логикалық ойлауы, сөйлеу тілінің кемістігін, жеке тұлғаның дарындылық – шығармашылық қабілеттерін анықтау, балалардың психологиялық дамуында ауытқушылықты болдырмаудың жолдарын іздестіру. Мұғалімдер, ата-аналармен жұмыстану, кеңесу, сауалнама жүргізу қорытындылау. Мектептегі психологиялық қызметтің жаңа оқу жылының басында бекітілген қызмет жоспары бойынша жүргізілді. Жеке тұлғаның физиологиялық, психикалық ерекшеліктерін ескере отырып, ой-өрісі мен сана сезімдерін байқау, әңгімелесу, тест, сауалнама әдістері арқылы зерттелінді. Мектепке дейінгі ересек жас қарқынды психикалық даму сатысы болып табылады. Мектепалды даярлық топ оқушыларының ойлаудың, таным қабілеттерінің даму деңгейін «Адамды сал», «Мектеп суреті» суретті әдістемелер көмегімен эмоционалды – аффективті диагностикасы Керн – Иерасик тестісі, С.А.Банковтың сауалнамасы «Өзімді танимын» т.б. дамытушы бағдарламалары арқылы танылып, зерттелініп қорытындыланды. Мектептегі баланың өміріне маңызды әсер ететін кезеңі бірінші сынып болып табылады. Дәл осы баланың күтістерін, ұстанымдары мен мұғалімнің, ата-ананың күтістері ұстанымдарымен ұштастырылсы. Баланың ойын, жолдастарымен қарым-қатынасын, мектепке оқуға әзірлігін психикалық зерттеу жұмысын Горбов-Шульте кестесі, әдістемесі арқылы, зейіннің дамуын «Сандарды есте сақтау», сұрақ-жауап, сурет салдыру арқылы зерттелінді. Бірінші сынып оқушыларының бейімделуін – олардың сабақтарына қатысып, бақылау жүргізу арқылы байқалды. Сонымен қатар, дамытушы, түзету бағдарламаларына сергіту жаттығулары орындалды. Балалардың даму диагностикасы жалғасуда. 2-4 сыныптар арасында таным қабілеттерін ойлау, зейін, қабылдау т.б. әдістемелері жүргізіліп, мінез-құлқ темпераменті анықталып, қорытындылап хаттама толтырылды.

5-сынып оқушыларының орта буынға бейімделу деңгейін бақылау әдісі және жаттығулар, тренинг, тест жұмыстары арқылы анықталды. «Мен және менің достарым», «Мен...», «Мұғалім-оқушы», «Социометрия» т.б. зерттеу жұмыстары жүргізілді. «Досыма сыйлық», «Сүйікті түсім», тренингі арқылы оқушылармен қарым-қатынасы анықталды. Орта буын оқушыларының өз-өздерін бағалауы мен суицидтің алдын алу мақсатында әңгіме-сабақ, дәріс өткізіліп, жасөспірімдер арасында сауалнамалар жүргізіліп, қорытындыланды.

8-10 сынып оқушыларына кәсіби бағдарлау бағытында «Мамандық әлемінде Мен», «Менің болашақ мамандығым», «Әзір бол» т.б. тренинг-сабақ, «Мамандық таңдау парағы», «Қызығушылықтар картасы», «Зунге тесті», «Айзенк тесті» т.б. зерттеу

жұмыстары жүргізілді. 11-сынып оқушыларына ҰБТ-ге дайындық кезінде жыл басында арнайы жоспары құрылып, жоспар бойынша «Сенімділік күш береді», «Өз-өзіңе қаншалықты сенімдісің?», «Стрессті қалай жеңуге болады?», «Жетістікке жету-өз қолыңда», «Стресс тест», «Кондаштың үрей әдістемесі», «Окуневаның мектеп мотивациясын диагностикалау», зерттеу диагностикалары және тренинг-сабақтар өткізілді. Ата-аналар арасында балабақшада «Балам-менің болашағым» тақырыбында дәріс-сауалнама, даярлық топта «Жетіге келген бала-жетілген бала» тақырыбында дәріс, 11-сынып ата-аналарына «Мамандық таңдау-жауапты іс» атты мамандықтар туралы мәліметтер, «ҰБТ-ге қалай дайындалу керек?» кеңес кітапшасы таратылды. 5-11 сынып қыздар арасында «Әдептілік-әдемілік» баяндама, «Сұлулықтың сыры неде?» сырласу кеші, «Адам көркі-шөберек» киіну мәдениетіне байланысты өнеге сабақтар жүргізілді.

2018-2019 оқу жылына қойылған міндеттер: Алдағы оқу жылында балалардың мектепке бейімделуін қадағалап, дарынды балалармен, бейімделу кезеңін, мектеп ұжымымен жұмысты және құқықбұзушылықпен зорлық-зомбылықтың алдын алу жұмыстарын, оқушылардың оқу түрткісіне байланысты т.б. қосымша жұмыстарды жалғастыруды міндет етемін.

### **Әлеуметтік педагог жұмысы**

2017-2018 оқу жылының басында әлеуметтік қызметтің жұмыс жоспары жасақталып , мектеп директорымен бекітілді.

Қыркүйек айында сынып жетекшілермен әр сыныптың әлеуметтік паспорты , диагностикалық картасы толтырылды.Қорытындысында мектептің әлеуметтік паспорты жасақталды. 1-11 сыныпта ата-аналар саны 186, отбасы саны96, толық отбасы 77, толық емес отбасы 22

Қазіргі уақытта мектептегі:

Көп балалы отбасы саны -13

Жалпы оқушы саны -142

Атаулы АӘК алатын отбасы –9 отбасы-15 оқушы

Аз қамтылған отбасы – 6 отбасы, оқушы 13

Колегиялық шешімен -7 отбасы -11 оқушы

Барлығы : 22 отбасы ,39 оқушы

Қамқорлықта мектепте бала –жоқ

Мүгедек оқушы саны -2 ( Бегалы Ж. Жүсіп А)

Ерекше оқу қажет ететін бала саны -5 оқушы

Инклюзивті кабинетте білім алатын ПМПК тізімінде тұрған -4 оқушы бар

Қиын бала саны – жоқ

Жыл бойына мектеп тәлімгерімен , психологпен, медбикемен бірге жасөспірімдерді нашақолрлық, ішімдік, темекі шегуден сақтандыру, өз құқықтарын білу шаралары бағытында сауалнамалар , тренинг- сабақтар өткізіліп отырды.Тасқала педогогикалық-психологиялық түзеу кабинетінің семинарларына бастауыш сынып мұғалімдері, педого-психолог, әлеуметік –педого қатысты.

« Қамқоршы күніне » ұжым болып ерекше білім қажет ететін балаларға ата-аналарымен бірге шақырылып, мерекелік іс – шара өтті, тәтті үстел дайындалды.

Әр сыныпта соц. тест өтті, қорытындысы жазылды, ата-аналарымен жиналыста сауалнама өткізілді, үйлеріне хат жазылды, кеңес берілді.

2017 жылдың 15 тамыз- 15 қыркүйек, 2018 жыл 15қаңтар-15 ақпан аралығында жалпыға бірдей білім беру және « Қамқорлық» акциясы өткізілді.

15 тамыздан бастап мектеп мұғалімдері өздеріне бекітіліп берілген ауыл көшелері бойынша 0-18 ж дейінгі балалар тізімін анықтап , оқушылардың қозғалыс дәптерлеріне өзгерістер кіргізді. Тамыз айында селолық ауыл әкімиятымен Ақтау ауылы бойынша аз қамтылған отбасылар тізімі анықталып ауыл әкімімен бекітілді. Осы отбасы балаларына демеушілік көмек оқу –құралмен, аяқ киімен көрсетілді. Орал қаласындағы Президент шыршасына аз қамт,отбасынан Альмурзина Аймирабарса, аудан әкімінің шыршасынан -4 оқушы барды. Барлық осы оқушыларға қысқы күртке, аяқ киім берілді. Мектебімізде ыстық тамақпен 104 бала қамтылып отыр. Олар 1-4 сынып оқушылары, мектеп алды даярлық топ оқушылары, және аз қамтылған отбасы балалары. Мектеп ұстаздары 4 оқушыны ыстық тамақпен қамтып отыр.

Мектептің ыстық тамақпен қамту пайызы-100 процент құрайды.

Ата-аналармен балалардың құқықтарымен әңгімелер, « Неке және отбасы кодексі» ,« Тұрмыстық - зомбылық» туралы дәрістер берілді.

ЖОББ Ақтау МБ кешенінің жанындағы жазғы «Айголек» лагерінде аз қамтылған отбасы балалары демалуда, Астана , Түркістан қаласына аз қамтылған отбасы балалары Жалпыға бірдей білім беру қорынан 2 оқушы демалса,1 оқушы Италаияға барады. Аудандық «Шұғыла» демалыс лагерінде 8 оқушы демалады.

Осылай әрі қарай ұжыммен бірге жұмысымызды жалғастырамыз.

Қорытынды : Алдағы жылға ата-аналармен жұмысты жалғастыру,оқушылармен әртүрлі сабақтар , іс –шаралар жүргізіледі

### **Кітапхана жұмысы.**

Жалпы кітаптар саны 10641,оның ішінде мектеп оқулықтары – 3443, оқырмандар саны-208.. Кітапханаға оқырмандар бару саны 2000. Барлық оқушылар оқулықтармен толық 100 % қамтылды.

2017-2018 оқу жылы басында мектеп кітапханасының жылдық жоспары құрылды. Кітапханаға оқушылар жиі келіп қажетті әдебиеттерін жазғызып алыпотырады,білімдерін толықтырады. Мектеп кітапханасы арқылы оқушыларды



оқулықтармен қамтамасыз 137 оқушы оқулықпен түгел қамтылды. Кейінгі жылдары « Алматыкітап», « Аруна», « Келешек», « Білім», « Атамұра», « Мектеп», « Кітап», баспаларынан шыққан кітаптармен қамтылды. Мектебіміз жыл сайын электрондық оқулықтармен, жаңа оқулықтармен сонымен қатар көркем ғылыми анықтамалық әдебиеттермен толықтырылды. Осы жыл 1,2,3,5,6,7,8 сыныптар жаңа форматтағы кітаптар берілді. Мектеп оқушылар 100% қамтылды. Мектебіміз жыл сайын электрондық оқулықтармен , жаңа оқулықтармен сонымен қатар көркем ғылыми анықтамалық әдебиеттермен толықтырылды. Кітап қоры да өткен жылдарға қарағанда толықтырыла түсті. Кітапхана үнемі түрлі шаралар өткізіп тұрады. Мектеп бойынша 21 түрі басылымдарға жазылды, олардың ішінде республиканың облыстық, аудандық, педагогикалық, әдістемелік басылымдар. Қыркүйек айына 1-4 сынып оқушыларына «кітап- білім бұлағым» атты кітапханаға саяхат ұйымдастырылды. «Тіл мәртебесі-ел мәртебесі» тақырыбында кітапхана залында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазан айында Ғ Мүсіреповтың туғанына 115 жылдығына орал кітапхана залында кітап көрме және дөңгелек үстел өтті. Бұл кешке 5-9 сынып қатысты, өз ойларын ортаға салды. Қараша айында тәуелсіздік күніне орай « Менім Отаным » аты кітапхана залында кітапкөрме жасақталды. Көрмеге 1-11 сынып қатысып , көрмеге библиографиялық шолу өткізіліп, папка жинақталды. Желтоқсан айында Алғашқы Президент күніне арналған сазды әдеби кеш өтті, оны аудандық кітапханамен бірге өткізілді. оған 8-10 сынып қатысты. « Бір ел- бір кітап» акциясы бойынша Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» романына 4 сыныппен дөңгелек өтті. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, үзіндіден түсінгендерін айтты.

### **Медициналық қызмет.**

2018 оқу жылында мектепте 145 оқушы .Мектеп алды даярлықта-16 бала, балабақшада-17, шағын орталықта-16. Мектеп оқушылары түгел медициналық тексерістен өтті. Соның ішінде 20 оқушы диспансерлық есепке алынды. Денсаулығында ауытқушылық табылған оқушыға аурулары бойынша маман дәрігерлерге жолдама беріліп қаралды. Бастауыш сыныптан 11 сыныпқа дейінгі оқушыларға антропометрия жұмысы жүргізіліп тұрады. Эпидемияға қарсы жұмыстарға ерекше көңіл аударылады, жұмасына екі рет оқушылардың тазалығы мен битшендікке тексеріліп тұрады. Ауырып келген оқушыларға көмек көрсетіледі. Мектептегі барлық жұмысшылар медициналық тексерістен өтті, асханада 5 қызметкер жұмыс істейді олар алты ай сайын медициналық тексерістен өтіп тұрады.

Он күндік ас мәзірі мектеп директоры бекітіліп сол бойынша әзірленеді. Ас дайындау мен жалпы асханың санитарлық нормаларының сақталуына үнемі бақылау жүргізіледі. 0-4 сыныптардың оқушылары мен аз қамтылған жанұяларының балалары 1 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Балабақшада 3 мезгіл тамақ ұйымдастырылған. Дәрумендер үнемі беріліп тұрады.

Оқушылардың арасында салауатты өмір салтын сақтау, әр түрлі аурулардың алдын-алу мақсатында мұғалімдермен бірлескен әңгіме, кеңестер , дөңгелек үстелдер өткізіліп, бейнероликтер көрсетіліп тұрады. «СПИД ғасыр дерті», «Дұрыс тамақтану»,

»Тұмаулардың алдын алу», »Темекінің зияны»тақырыптарында әнгімелер мен баяндамалар оқылып тұрады.Мектеп жанында ашылған «Айгөлек» жазғы демалыс лагерінде 75 оқушы катысып демалды.

Жазғы демалыс кезінде аз қамтылған отбасы балалар аудандық «Шұғыла»демалыс лагерінде демалады .Сонымен қатар бір оқушы Италия қаласына барып демалып келді.

Мектептің төменгі қабатында медбике кабинеті орналасқан . Кабинет талапқа сай ,жабдықталған. Кабинетте 2шкаф ,2 орындық ,2 үстел ,1 кушетка,бойын ,салмағын өлшейтін таразылар және алғашқы көмек көрсету дәрі-дәрмектер бар.

**Тәрбие жұмысына сараптама.**  
**2017-2018 оқу жылы бойынша Жалпы орта білім беретін Ақтау мектеп балабақша кешені бойынша тәрбие жұмысының жылдық сараптама**

Мектептегі тәрбие үдерісін құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету:

Тәрбие жұмысы Білім және ғылым Министрінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 521 бұйрығымен бекітілген ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын, ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 маусымдағы № 873 Қаулысымен бекітілген білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды,облыстық білім басқармасының № 437.15.09.2012 ж. бұйрығымен бекітілген тәрбие бағдарламасын, 2015 ж.22 сәуірдегі №227 бұйрықпен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдалық негіздерін, «Мәңгілік Ел» Патриоттық актісін басшылыққа ала отырып жұмыс жасалды.

Тәрбие ісі меңгерушісінің педагогикалық шеберханасында сынып жетекшісінің анықтамалылығы журналы , басқа да тәрбие жұмысына қатысты оқулықтар мен әдістемелік құралдармен, нормативтік құжаттармен қамтамасыз етіліп, аудио, бейне таспалары бар.

Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістері:

**Тәрбиенің мазмұны:**

Білім берудің жаңа моделіне өту жағдайында және тәрбиенің білім беру үдерісіндегі рөлінің өсуіне байланысты тәрбие мазмұнын қайта бағдарлау даму заңдылығы болып табылады. Қазір білім беру үдерісінде жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына үлкен мән беріліп отыруына орай, адамгершілікке тәрбиелеу мен рухани жағынан қалыптасуы барлық тәрбие үдерісінің өзегі болып отыр.

Тәрбиенің мазмұны оның мақсаттары мен міндеттері арқылы анықталады және ол қоғамдық дамудың бағыты мен мазмұнына заңды тұрғыда тәуелді болады. Сонымен бірге, тәрбиеге әлеуметтік-рөлдік көзқарас тұрғысында адам көптеген әлеуметтік жүйенің компоненті болып саналады: отбасы, ұжым, кәсіби топ, этнос, қоғам және т.б. Сондықтан, тәрбие мазмұны құндылық қарым-қатынас жүйесімен: өзіне, өзінің

отбасына, мектепке, қоршаған ортаға, Отанына, Жер әлеміне, сондай-ақ, әлеуметтік рөл жүйесімен де сәйкестенеді: адам, дос, ұл (қыз), құқық қорғаушы, аға (қарындас) патриот, немере (немере қыз), азамат, туыс, қорғаушы, оқушы, ұлттық мәдениетті қорғаушы және жасаушы, ұжым, топ мүшесі, көш басшы, еңбекші, иегер, әлем азаматы, ауылдық, бейбітшілік орнықтырушы, көрші, эколог, бірлестіктің, топтың, этнос мүшесі.

### **Мектептің тәрбие беру жұмысының тақырыбы:**

«Тәрбиенің жаңа технологияларын пайдалана отырып, ізгілікке бағдарланған, халық игілігін жасаушы азаматты, жеке тұлғаны тәрбиелеу»

### **Тәрбие жұмысының мақсаты:**

- ✓ бала тәрбиесінде жаңа технологияның әдістерін пайдалана отырып, ата-аналар мен ұстаздар арасында бала тәрбиесіне бірыңғай көзқарасын қалыптастырып, біріккен жұмыс жүргізуге бағыттау.
- ✓ жан-жақты дамыған, білімді, сауатты, рухани жігері мол азамат тәрбиелеу.

### **Тәрбие жұмысының міндеттері:**

- ✓ ата-аналардың мектеп өміріне белсенді араласуы мен бала тәрбиесін жауапкершілігінің артуы.
- ✓ отбасы дәстүрлері мен құндылықтарының жетілуі .
- ✓ ынтымақтасқан жұмыс арқасында ана тілін, тарихын, мәдениеті мен дәстүрін
- ✓ дәріптейтін , бәсекеге қабілетті, толерантты тұлға қалыптасуы.

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыттарына сәйкес жылдық жұмыс жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілген:

- Азаматтық-патриоттық және азаматтық тәрбие, құқық тәрбие
- Рухани-адамгершілік тәрбиесі
- Ұлттық тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын

**Тәрбие жұмыстарының оқу жылы барысында жүзеге асырылуына сандық және сапалық талдау жасалынды.**

### **Талдауға мынадай өлшемдер алынды:**

- 1.Тәрбие жұмысы жөнінде кеңестерде қаралған мәселелер
2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі.
3. Әлеуметтік статусы бар білім алушылар мен тәрбиеленушілердің әлеуметтік жағдайына талдау.(Қамқоршылықтағы, қорғанышылықтағы және патронаттық тәрбиедегі)
4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекше контингентіне талдау жасау.(мектепшілік есепте тұрған білім алушылар мен тәрбиеленушілер).
5. Сыныптардың рейтингісі

6. Өткен оқу жылындағы атқарылған тәрбиелік шаралардың мазмұнына талдау-есеп.

7. Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша орындалу көрсеткіші

### **1.Тәрбие жұмысы жөнінде кеңестерде қаралған мәселелер:**

**Педагогикалық кеңесте** «Балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастыруының қорытындысы», 2017-2018 ж.мектептің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту, жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту Заңын орындау. Республикалық «Мектепке жол» акциясын өткізу. «Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту» (28.08.2017 ж., хаттама№1), «Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы» , (31.10.2017ж., хаттама№2), «Оқушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз етілу жайы», «Қолайсыз отбасы балаларының мектепшілік бақылауға алынуы», «Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары» ( 4.01.2018 ж. хаттама №3), «Оқушылар бойында патриоттық сезімді қалыптастыру» (26.03.2018 ж.хаттама№4), **мектеп директоры жанындағы кеңесте тәрбие жұмысы бойынша мектепшілік бақылаудың сұрақтары қаралды:** «Мектеп бойынша техника қауіпсіздігі ережелерін сақтау жұмысын тексеру жағдайы туралы» (4.09.2017ж. хаттама №2); «Жетім, әлеуметтік жағдайы нашар оқушылармен жүргізілетін жұмыстар туралы» (22.11.2017ж хаттама №4); «Зорлық –зомбылықтың алдын алу жұмысы» (10.12.2017ж хаттама № 5); «Мектепшілік шаралардың, сынып сағаттарының, клуб, үйірме және секция жұмыстарының сапасы», «Оқушылардың күнделік жүргізілу жағдайы» (9.01.17 ж хаттама № 6); «Кәсіби бағдар беру жұмысының жағдайы», «Жыныстық қол сұғушылықтың алдын алу» (14.11.17ж хаттама № 7); «Жасөспірімдер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу» (12.03.2018 ж., хаттама №8 ); «Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру» (6.04.17 ж хаттама №9).

**Сынып жетекшілерінің әдістемелік отырыстарының** тақырыбы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін түсіндіру бойынша әдістемелік құрал. Жаңа нормативтік құжат(түсіндіру жұмысы). Мектепшілік тәрбие жұмысы жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну

Қазіргі мектептегі сынып жетекшінің атқаратын қызметі ,(22.08.16 ж.,№1 хаттама) Жас ұрпақты тәрбиелеудің негізі-тәрбие үрдісінде жаңашыл тәсілдерді пайдалану. Патриоттық сезімді қалыптастыру жолдары , (08.11.2016 ж. №2 хаттама), «Қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі» іс тәжірибемнен «Бала жақсы оқу үшін қалай көмектесу керек» (06.01.2017 ж., №3 хаттама) «Білім мен тәрбие беру арқылы оқушы бойына ұлттық құндылықтар жүйесін қалыптастыру жолдары»

Оқушы шығармашылығын дамытудың алғы шарттары және сыныптан тыс жұмыстар , (30.03.2017ж., №4 хаттама), 2016-2017 оқу жылындағы сынып жетекшілері жүргізген жұмыстарының қорытынды сараптамасы және жаңа оқу жылына қойылатын міндеттер . Сынып портфолиясын жинақтау

«Жаз-2017» бағдарламасы, балалардың жазғы демалысын ұйыдастыру жұмыстары (27.04.2017 ж.,№5 хаттама) әдістемелік кеңесте қаралды.

### **Алдын алу кеңесінде қаралған мәселелер:**

Кәмелеттік жасқа толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылып, жылдық жұмыс жоспары жасалынды. 2017 ж. 28 тамыз күні өткізілген алдын алу кеңесінің отырысында жұмыс жоспары талқыланды, мектептің әлеуметтік паспорты туралы мәлімет тыңдалды. 12 қыркүйек күнгі алдын алу кеңесінің отырысында құқық бұзушылық кеңесінің құрамын сайлау, жұмыс жоспарын бекіту, «Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – басты міндет» тақырыбында баяндама, мектеп оқушыларының ҚР әкімшілік құқық бұзушылық мектепшілік есепте тұрған білім алушылардың сабаққа қатысуы және оқу үлгерімі, бос уақытын ұйымдастыру, сәтсіз отбасылардың тұрмыс жағдайларын тексеру, үйлеріне бару, кодексінің баптарымен таныстыру, «Мектепке жол» акциясының орындалу барысы қаралып, талқыланды (хаттама №1). 2017 ж. 13 қараша күні алдын алу кеңесінің кезекті отырысында сынып жетекшілердің және әлеуметтік педагогтың жұмысы, сабақтан себепсіз қалатын оқушылардың ата-аналарымен жұмыс, «Қиын балалармен жұмыс жүргізу» баяндама, I тоқсан қорытындысы бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс мәселесі тыңдалды (хаттама №2). 2018 ж. 15 қаңтар баланың әртүрлі жас кезеңдерінде құқықтық мәдениетін тәрбиелеудегі қиындықтар, сабаққа кешігетін, тәртібі нашар оқушылардың тәрбиесі туралы, II тоқсан қорытындысы бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс мәселесі қаралды. Яғни сабақтан қалатын, сабақтан кешігетін білім алушылармен жұмыс жүргізу туралы шешім қабылданды. (хаттама №3) 2018 ж. 8 сәуір күні оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің дамуының психикалық аспектілері, құқық бұзушы оқушылармен жұмыс түрлері, III тоқсан қорытындысы бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс барысы талқыланды (хаттама №4). Мамыр - маусым айында профилактикалық кеңес отырысының жылдық есебі, IV тоқсан қорытындысы бойынша үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс, мектепшілік есептен оқушыларды шығару. Мектепшілік есебінде тұрған оқушылармен және сәтсіз отбасылармен алдын алу жұмысы туралы айтылып, мектептің әлеуметтік педагогі ата-аналардың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттеріне тоқталды, білім алушылардың жазғы демалыс-сауықтыру лагерлерін ұйымдастыру, кеңестің жұмысын қорытындылау мәселелері қаралып, талқыланды. Келесі оқу жылына жұмыс жоспары көзделді (хаттама №5).

### **Ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселелерін қарау:**

2017 ж. 17 қараша күні ата-аналар комитетінің отырысында 2016-2017 оқу жылында атқарылған оқу тәрбие жұмысының қорытындысымен таныстыру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық пен тәртіпсіздіктің, зиянды заттарды пайдаланудың алдын алу жұмыстары, ата – аналар комитетінің мүшелерін сайлау, ағымдағы мәселелер талқыланды. (№1 хаттама); 2017-2018 оқу жылының I жартыжылдығында атқарылған жұмыстар қорытындысы, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, нашақорлық және есірткі бизнесіне қарсы күрес, ағымдағы мәселелер талқылау (№2 хаттама); оқу жылының қорытындысы, оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру діни экстремизм және құқық бұзушылық, жол көлік апаттарының алдын алу, ағымдағы мәселелер қаралды. (№3 хаттама)

## 2. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі

2017 жылында тәрбие субъектілерінен 11 сынып жетекшісі, 1 педагог-психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 қосымша білім беру педагогі, 1 тәлімгер, 1 АӘД ұйымдастырушы мұғалімі, 3 дене шынықтыру мұғалімі, 1 кітапханашы, 1 мектеп медбикесі жұмыс атқарды.

**Сынып жетекшілерінің біліктілік деңгейі:** I санатты – 4, II санатты – 4, санатсыз – 3.

Оқу жылы барысында сынып сағаттарына еніп талдау жасалынды.

Р/с	Сынып жетекшінің аты-жөні	Сыныбы	Балы
1)	Жубанышева Ұ.А.	1	4
2)	Шандаева А.Г.	2	5
3)	Жанабилова С.Ю.	3	4
4)	Каримова А.С.	4	4
5)	Тасмуханов К.М.	5	4
6)	Ахметова Ж.Е.	6	4,5
7)	Алмағанбетова Г.Т.	7	4,5
8)	Еркашова С.С.	8	5
9)	Шайхиева Г.Ж.	9	4,5
10)	Кенжебаева Д.Г.	10	5
11)	Беркалиева Г.Р.	11	4

## 3. 2017-2018 оқу жылындағы әлеуметтік статусы бар білім алушылардың контингенті

Мектептің білім алушылар мен тәрбиеленушілер контингентінің әлеуметтік жағдайына сараптама жасалынды. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білім алушы – қорғаншылықта жоқ, 0 %-ы, білім алушы – патронаттық тәрбиеде жоқ, 0 %-ы, аз қамтылған отбасынан 39 білім алушы 28,4 %-ы.

## 4. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекше контингенті (мектепшілік есепте тұрған оқушылар және сәтсіз отбасындағы білім алушылар).

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер контингентінің ерекше бақылаудағы топтарымен жұмысқа сараптама жасау қорытындысы.

2017-2018 оқу жылы барысында аудандық ішкі істер бөлімі аудандық кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшеде профилактикалық есепте білім алушылары болған жоқ. Бұл бағыттағы жұмыстар мектеп мұғалімдері мен полиция қызметкерінің бірлескен патрульдік рейдтері, ерекше бақылауды қажет ететін білім алушылардың ата-аналары немесе олардың орнындағы заңды өкілдерімен тығыз байланыста болу, үйірме және спорттық секциялармен қамту, іс-шараларға қатыстыру, әлеуметтік педагогтің білім алушының үйіне әлеуметтік талдау жасап, әңгімелесіп әктілеу, қорытынды сараптама беру, психологтардың түрлі әдістеме негізінде сауалнама алып, қорытынды беру түрінде жүзеге асырылды.

## 5. Сыныптар рейтингісі

Сыныптардың рейтингісін бағалау төмендегі кестедегі белгіленген параметрлер бойынша бағаланып жүргізілді.

- Сабаққа қатысу көрсеткіші (себепті, себепсіз категориясы бойынша);
- Оқушы формасын сақтау;
- Күнделік жағдайына бақылау жасау;
- Мектепшілік іс-шараларға қатысу;
- Аудандық, облыстық жетістіктері;

Оқу жылының барысында тоқсан сайын түрлі бағамдар бойынша сыныптар рейтингі жасалып, ол сынып жетекшілерінің отырысында таныстырылып отырды және оның қорытындысымен төмен деңгейін көрсеткен сыныптармен жұмыс жүргізілді.

## 6. Өткен оқу жылындағы атқарылған тәрбиелік шаралардың мазмұнына талдау-есеп

Өткен 2017-2018 оқу жылында мектептің білім алушылары мен тәрбиеленушілері өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған тәрбиелік шараларына белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Әсіресе, төменгі және орта буын сынып білім алушыларының тәрбие беру бағыттары бойынша көзқарастары осы бағыттарға негізделген тапсырмалардың жазбаша мазмұндау, әңгімелеу, шығарма, сыныпаралық іс-шаралар, жобалар сияқты формаларда қатысулары арқылы деңгейлері байқалды.

### 5. Атқарылған тәрбиелік шаралардың мониторингісі

№	Тәрбие бағыттары	2017-2018	2016-2017
1	Азаматтық-патриоттық, құқықтық және азаматтық тәрбие, құқық тәрбие	21	13
2	Рухани-адамгершілік тәрбиесі	15	9

3	Отбасы тәрбиесі	8	8
4	Ұлттық тәрбие	6	8
5	Еңбек және экологиялық тәрбие	11	10
6	Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие	5	9
7	Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын	14	9
8	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі тәрбие	5	14
	Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шараларын	8	3
	Балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру	13	9
	Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және қылмыстың алдын алу бойынша іс-әрекет алгоритмі	11	8
	Оқушылар өмірінің қауіпсіздігі	8	6

**1. Азаматтық-патриоттық және азаматтық тәрбие, құқық тәрбие беру бағыты бойынша** Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілігін сезімін, өз елі мен халқының салт-дәстүрлерін, саяси тарихын білуге, өзінің саяси және құқықтық сауатын арттыруға деген құлшынысын күшейту, халықаралық жағдайды, Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірі мәселелеріне талдау жасай білу қаблетін қалыптастыру мақсаты негізінде іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, 2017 жылдың 1 қыркүйек күні барлық деңгейдегі сыныптарда «Мен өз Отанымның патриотымын» атты сынып сағаттары өткізіліп, «Қазақстан - 2050» стратегиясының маңызы мен мақсатын түсіндіру арқылы Мәңгілік ел – идеясының маңызын түсіндіру жұмыстар жүргізілді (қатысқан бала саны-143). Мектеп ғимаратының үстінде, мектептің патриоттық бұрышында мемлекеттік рәміздері орнатылды.



Әр аптаның дүйсенбі күні сағат 8.15-те кезекті жиында Мемлекеттік гимнді міндетті түрде орындалады, мемлекеттік ту көтеру флашштоғы бар. Мектеп кітапханасында, алғашқы әскери дайындық кабинетінде Мемлекеттік рәміздер белгіленген стандартқа сай орнатылды.

Гимн мемлекеттік мейрамдар, атаулы күндер оқу жылының басталуы мен аяқталуына арналған мектеп шараларында қолдануда.

Мектепте патриоттыққа, көпмәдениеттікке тәрбиелеу мен құқықтық білім беру ұйымдарының кеңестік - пәндік ортасын ұйымдастыруға бағытталған Мемлекеттік рәміздер, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауына арналған тақырыптық стендтер бар. Мектепте орналасқан мемлекеттік рәміздер Ұлттық стандарттарға сай.

Жыл бойы мектепте ҚР рәміздерін насихаттау жұмысы атқарылды.

Мектеп бойынша мектепалды даярлық тобында «Елімнің көк байрағы» (17 оқушы,18.09.2017ж.) 1-4 сыныптар аралығында «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтаныш» атты тәрбие сағаттары оздырылды, «Менің елімнің рәміздері» ертеңгілік (40 оқушы,04.06.18 ж.). Кітапханада «Қазақ елінің рәміздері» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды (үнемі). «ҚР рәміздері» атты тарихи-танымдық турниріне дөңгелек үстел, флешмоб ұйымдастырылды, қатысқандар 9-11 сынып оқушылары қатысты. Мектепте Ұлттық стандартқа келмейтін ҚР Мемлекеттік туын, Елтаңбасын ауыстыру және жою Конституциялық заңға сәйкес тұрақты күші бар комиссиясы құрылды. Комиссияның отырыстарында мектеп ғимаратының кіреберіс маңдайшада орналасқан ҚР Мемлекеттік Туы жарамсыз күйге келгендіктен, әрі қарай қолдануға келмейді деген шешімдер қабылданып (№1 хаттама,26.06.2017ж., №1актжасалды.

Қазан қараша айларында Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында тәрбиелік шаралар жоспары құрылып жүзеге асырылды.

27.11-02.12.2017 ж «Елімнің тұңғыш президенті», «Елін сүйген Елбасы», ҚР Тұңғыш президентінің – Ұлт көшбасшысы тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. 11.12-15.11.2017 ж ҚР Тәуелсіздік күніне арналған шаралар бөлек жоспар құрылып іс – шаралар өткізілді.

Жоспарланған іс – шаралардың мақсаты – еліміздің ширек ғасырдағы Тәуелсіздік жылдарында еңсе тіктеп, азат елге айналған халқымыздың қуанышына ортақтасып, әрбір қазақстандықтың мерекені сезінуіне атсалысу болып табылды. Соған байланысты, мектебімізде «Менің Отаным - Қазақстан» тақырыбындағы сынып сағаттары, «Тәуелсіздік - тұғырым» атты кітап көрмесі, «Мен еліммен мақтанамын» атты сурет байқауы,дөңгелек үстелдер, «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты салтанатты жиын, 1-4 сыныптарда «Менің елім-Қазақстан», 5-11 сыныптарда «Байтақ елім Тәуелсіз Қазақстан» тақырыптарында тәрбие сағаттары оздырылды (қатысқан бала саны-143).

«Тәуелсіз, егемен ел-Ұланымыз» атты салтанатты жиынында Республикалық бірыңғай «Жасұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау рәсімі өткізілді. Мектеп кітапханасында «Жұлдызы жанған-Қазақстан» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мектепте акт залында «Тәуелсіздік-ұраным, тәуелсіздік-жыр әнім» атты мерекелік концерт өтті, әдеби – музыкалық композиция қойылды және ауылдың мәдениет үйінде болған мерекелік концертке оқушылар және мұғалімдер белсенді қатысты.

Сәуір - мамыр «Патриот» айлығы бөлек жоспар құрылып, жұмыстар атқарылды.

Ұлы Жеңіске және **7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне** арналған «Ұлы жеңіс жасасың» атты іс-шаралар өткізілді. Салтанатты жиын барысында Ұлы Отан соғысы кезінде қаза тапқан батырлар ескерткішіне гүлшоқтар қойылды, шақырылған қонақтар құттықтау сөз сөйлеп, соғыстағы ерліктерін қысқаша айтып өтті. «Желбіре, Жеңіс жалауы» атты мерекелік концерт оқушылар күшімен қойылды.

Мектептің кітапханасында Ұлы Отан соғысы туралы көрме ұйымдастырылды кітаптар, батырлардың суреттері қойылды, Ұлы Отан соғыс туралы презентация көрсетілді.

1-4 сыныптар «Біз сарбаздар» атты саптық ән байқауына қатысты. «Ел үмітін ер сақтар, Ер атағын ел сақтар» атты шекара офицерлермен кездесу, «Алау» әскери-спорттық ойыны және теннис ойынынан жарыс өткізілді.

Барлық сыныптарда «Ынтымақ достық кепілі» атты бірінғай тәрбие сағаттары оздырылды. 1-4,5-10 сыныптар аралығында «Қазақстан-елдер бірлігі мен тірлігі тоғысқан мемлекет» атты фестиваль өткізілді. Алдын-ала берілген тапсырмалар бойынша дайындалған, әр сынып өздеріне бекітілген Қазақстандағы мекендеген түрлі ұлттар мен ұлыстардың, салт-дәстүрлерін сахыналап, көпшілікке шеберлікпен көрсете білді.

Оқушылардың құқықтық сауатын арттыруға деген құлшынысын күшейту мақсатында кітапханада кітаптар көрмесі ұйымдастырылды және библиографиялық шолу өткізілді (үнемі).

Мектеп бойынша жалпы оқушылармен және мектепшілік есепте тұрған балалармен жүргізілген жұмыстардың негізгі түрлері: оқу процесіне қатысуын, бос уақытын қалай өткізетінің қатал қадағалау, демалыс кездерінде әр түрлі іс-шараларға міндетті түрде қатыстырып отыру, оқушылар таңдауы бойынша үйірмелерге және секцияларға қатыстыру, мектеп бойынша өтетін тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру.

Кешкі мезгілде өткізілетін іс-шараларда оқушылардың тәртібін қадағалау мақсатында ауыл әкімімен келісілген, мектеп директорымен бекітілген мұғалімдер, ата-аналар кесте бойынша кезекшілік атқарылды.

Демалыс кездерінде балалар мен жасөспірімдердің арасында қылмыстық жағдайларды болдырмау, олардың демалыстарын ұйымдастыру мақсатында спорттық және қызығушылыққа байланысты үйірмелер өз жұмыстарын үнемі жүргізілді (үнемі).

Алдын алу кеңес отырысында кездейсоқ жағдайлар, тәртіп бұзған, үнемі сабақ жіберетін оқушылар туралы, есепте тұрған оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру, үйірмелерге қатысу жұмыстары, т.б мәселелер қаралды.

Қараша айында «Бала құқығы – адам құқығы» онкүндік өткізілді. Іс – шара барсыныда 1-11 сыныптарда «Менің құқықтарым – менің міндеттерім» «Құқыққа қарсы әрекеттер

үшін жауапкершілік», «Құқықбұзушылықтар мен заңды жауапкершіліктер» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Барлығы 143 оқушы қамтылды. Жас полиция тобы (бала саны-10), участкелік инспектормен бірігіп «Түнгі қаладағы балалар»(тоқсанына екі рет), «Жасөспірім» атты рейдтер, акциялар барысында беймезгіл уақытта оқушылардың жүрісін тексеріп тұрды. Ауылдағы мәдениет үйі, кафе – бар, т.б. жастар жүретін жерлер бақыланды. Кезекшілік кезінде түнгі тыныштықты бұзып жүрген оқушы болған жоқ. Себепсіз сабақ жіберген балалар мектеп бойынша жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қыркүйек айында «Парасатты азамат» бұрышын жасау «Адал ұрпақ» тобының жұмыстары жүргізілді. Желтоқсанда «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» суреттер байқауы 1-4 сыныптарда өткізілді. 8.01-13.01.18 ж аралығында «Арыңды жасынан сақта», «Тәртіп – тәрбие бастауы, тәртіпсіздік – өміріннің қас жауы», «Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Наурыз айында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығармалар байқауы 5-8 сыныптар аралығында өткізілді. Құқық қорғау органдарының өкілдерімен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыптарында кездесулер өткізілді.

**2. Рухани-адамгершілік тәрбиесі бағыты бойынша өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілген моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру мақсаты қойылып, біршама іс-шаралар атқарылды. Келесі бағыттары бойынша жұмыс жүргізілді:**

1.Мектептің және сыныптардың әлеуметтік паспорты жасақталды

2.Әр түрлі әлеуметтік санаттарындағы балалармен және отбасымен жеке жұмыс атқарылады.

3.Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуы, үлгірімі бақылауға алынды.

4.Қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен және балалардың құқығын қорғау қоғамдық инспекторымен бірлескен жұмыс жүргізілді.

5. Мектептің тәрбие жұмыс жоспарының рухани-адамгершілік тәрбиесі бойынша жұмыс жүргізілді. Оқу жылы басында «Мектепке жол», қаңтар айында «Қайырымдылық» акциялар өткізілді.Акциялар барысында мектеп мұғалімдері рейд ұйымдастырып, ауылдағы 0-18 жас аралығындағы балалардың тізімі жасақталып, мектептен тыс қалған балаларды анықтау жұмысы жүргізілді, мектепке келмей жүрген оқушылар жоқ. Мектеп жасындағы балалардың оқуына жағдай жасап, үздіксіз білім алуы бақылауға алынды. Әлеуметтік қорғалмаған санатындағы балалардың отбасыларына барып, жағдайларымен танысып, үй актісі жасалынды, көмек көрсету ұйымдастырылды. Көпбалалы, аз қамтылған, толық емес жанұя және патронаттағы, қамқоршылықтағы тәрбиедегі балаларына көмек көрсетілді

Ұстаздар күніне «Ұстазыңды қуант» атты акция өткізілді және «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» атты мерекелік концерт қойылды (қатысқан бала саны-143, 04.10.17 ж.).

2.10-07.10.17 ж. Аралығында «Мейірбандық күндері» апталық өткізілді, қамқоршы күніне «Мейірімді жүрек» атты қамқоршы күніне мерекелік шара өткізілді. Мектеп медбикесі «Жас ерекшелік гигиенасы» атты 7-11 сынып қыздарына кеңес берді (12.11.17 ж.). «Сыпайлылық әліппесі» 1-4 сынып, «Мейірімділік пен сыпайылық ережелері» 5-7 сынып, «Мейірімділік пен сенім есігін ашады» 8-11 сыныптарда тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Ақпан айында 8-11 сыныптар аралығында «Адамгершілік – жыныстық тәрбие» тақырыбында сауалнама өткізілді. «Жақсы мен жаманды ажырата білейік» 1-7 сыныптар аралығында тәрбие сағаты өткізілді. (12.03-17.03.18 ж)

Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатымен «Нұр себеле, Ұлыстың ұлы күні» Наурыз мейрамына арналған мереке (16.03.2018 ж.)

«Өзін-өзі тану: Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы» атты оқу күндізгі шеңберінде «Мейірімділік-асыл қасиет» атты сабақтар, «Алтын жүрек анамыз» мәнерлеп оқудан, сурет салудан байқаулар өткізілді (06.02.-10.02.17 ж.).

Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шаралары бойынша «Дін – ислам діндегі» кітаптар көрмесі, қаңтар айында «Қазақстандағы теріс ағымдағы діни экстремизм және терроризм қауіп - қатері» бейнефильм көру 9-11 сыныптада, теолог мамандармен кездесу 17.10.2017 ж, «Діни экстремизм туралы не білеміз?» сауалнама 7-8 сыныптарда, мамыр айында «Жазғы демалыс кезінде мектеп оқушыларына діни ағымға бас бұрмауға және террорлық әрекеттерден аулақ болу» мақсатында түсінік жұмыстары жүргізілді.

**3. Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша** адамдар арасындағы оңтайлы және эмоционалды көңіл-күй қарым-қатынасы арқылы адамгершілік, рухани және гуманитарлық құндылықтарға басымдық беруде әлеуметтік-тарихи тәжірибені таратудың анықтаушы құрамдас бөлігі болып саналатындығын, Қазақстандық қоғамның жалпы сұранысы және халық дәстүрлері, әсемдік және ұлттық мәдениет негізінде құрылған балалар мен жастарды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлау бірінші қатарға қойылып, бірқатар іс-қимыл шаралары жүзеге асырылды. Келесі бағыттары бойынша жұмыс жүргізілді:

1.Мектептің және сыныптардың ата-аналар туралы мәлімет жинақталды:

-ата-аналардың құрамы туралы мінездеме

-ата-аналардың әлеуметтік құрамы

-ата-аналардың білім деңгейі

-ата-аналардың жасы

2.Әр түрлі әлеуметтік санаттарындағы отбасымен жеке жұмыс атқарылады.

3.Мектеп оқушыларының сабаққа қатысуы, үлгірімі бақылауға алынып, ата-аналармен осы бағытта жұмыс жүргізілді.

4.Ата-аналар мектептің жарғысы «Ата-аналардың міндеті мен құқықтары» және мектепшілік ережемен таныстырылды.

5.Қорғаншылық және қамқоршылық органдарымен және балалардың құқығын қорғау қоғамдық инспекторымен бірлескен жұмыс жүргізіледі.

6. Отбасындағы эмоционалдық атмосфераны, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениеті деңгейін, отбасы тәрбиесі ерекшелігін, ата-аналар мен балалардың өзара қарым-қатынас сипатын анықтау мақсатында сауалнама мен диагностика жүргізілді

7. Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру, ағарту жұмыстары

8. Ата-аналар мен балалардың бірлескен қызметі

9. «Түнгі қаладағы балалар» атты бірлескен рейд

Отбасы тәрбиесі, отбасы қатынасы мәдениетін қалыптастыру бойынша өткізілген іс-шаралар:

Отбасы күніне арналған тәрбие сағаты «Бәрі отбасынан басталады», «Отбасының басты құндылықтары», « Үйде құт болса, қазына керек емес» тақырыптарында 1-11 сыныптарда 4.09-09.09.17 ж аралығында өткізілді. 10.11.2017 ж «Менің отбасым» суреттер байқауы 1- 6 сыныптар аралығында өткізілді.

**Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша оқу жылы бойы ынтымақтастық ұстаным бойынша тәрбиеленушілердің отбастарымен қарым – қатынас үзілмеді.**

1. Ата – аналардың құзіреттілігін көтеруге білікті көмек көрсету жағдайын жасау керек
2. Кейбір отбасыларымен түзету жұмыстарын күшейту.

**4. Ұлттық тәрбие бойынша** тұлғаны және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарлау, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, ҚР этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеу мақсатында жыл басында «Мен өз елімнің патриотымын» атты тәрбие сағаттары оздырылды. , 11-22 қыркүйек аралығында «Қазақстан халықтарының тілдері күні» мерекесіне орай «Тіл татулық тірегі!» атты онкүндік өткізілді. «Тіл достық кепілі», «Тіл халықтың тірі жаны», «Мемлекеттік тілмен болашаққа» тақырыптарында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары, 8-11 сыныптарының қатысуымен және ҚББП ұйымдастыруларымен «Тәуелсіз елдің ұланы» тақырыбында интеллектуалдық ойын өткізілді (14.10.2017 ж.). «Менің Қазақстаным - менің болашағым» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылып, негізгі мақсаты ретінде білім алушылардың әлеуметтік қарым-қатынас жүйесінде өзіне тән тәртіп стилін қалыптастыруға баулу қағидасы көзделіп, білім алушылардың қоғамдағы өзгерістерден дереу және тең әсер алуына, өзін сол қоғамның белсенді мүшесі ретіндегі өмір ұстанымында болуға ықпал жасалып, әрбір білім алушы өзін қоғамның мүшесі ретіндегі сезінетін іс-әрекеті төңірегінде пікір білдіру (29.11.17 ж.). Сонымен қатар, мектептің тәлімгерімен ұйымдастыруымен және 1-4 сынып білім алушыларының қатысуларымен «Ұлттық ойын түрлері» атты ойын-сауық кеші ұйымдастырылды.

**Бағыт бойынша** әлеуметтік өзгерістерді ұғыну, этносаралық келісімге мақтаныш сезім және жауапкершілік танытуға ыңғайланадыратын іс-шаралар көздеу, шығармашылық қызметте өзің дербестігін көрсетуге әртүрлі топ өкілдерімен қарым-қатынас жасау мәдениеті қалыптастыруда іс-шаралар өткізу.

**5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие беру бағыты бойынша** білім алушылардың өзіне өзі құрмет көрсету шеберлігін және дағдыларын, еңбек қызметінің саналуан түрлеріне адалдықпен, шығармашылық және жауапкершілікпен қарап, ұжымда, топта жұмыс істей білу икемдігін қалыптастыру және білім алушылардың жеке шеберлік белсенді және болмысымен беріліп іс-әрекет жасауларын, қажетті ресурстарды жұмылдыра білу қасиеттерін қалыптастыру, істің мәнісін дұрыс бағалап, өз іс-әрекетінің қажетсіз қалмауына мән беріп, олардың түпкілікті тиімділігін тиянақтап жаңа өндіріс және қоғам жасауды көздеу көзқарастарын қалыптастыру бойынша бірқатар іс-шаралар көзделіп, атқарылды. Атап айтқанда 1-11-сыныптардың қатысуымен сынып жетекшілер ұйымдастыруымен «Еңбек түбі - береке» 1-4 сынып, «Еңбек бәрің де жеңбек» 5-7 сынып, «Әлемнің әміршісі еңбек» 8-11 сыныптарда тәрбие сағаттары (25.09.-30.09.2017 ж.), «Мектепті көркейтеміз – Қазақстан көркейтеміз» сенбілік 1-11сыныптар 28.09.2017ж. Жас ұлан ұйымының ұйымдастыруымен «Ең таза көше» экологиялық патруль, «Табиғатпен достасқым», «Табиғатты бірге сақтайық», «Мыңдаған ғаламшардан Жерден кереметі жоқ!» 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары, Саябақтар шеруі акциясы аясында бөлек жоспар құрылып, іс- шаралары өтті. Іс-шаралар барысында білім алушыларға еңбек тәрбиесі туралы ұлағат сөздерді түсіндіре отырып, қарапайым еңбекті сүйеге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу еңбек қызметінің саналуан түрлеріне адалдықпен, шығармашылық және жауапкершілікпен қарауға, ұжымда, топта жұмыс істей білу икемділігін қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды насихаттау ізімен экономикалық тәрбие беру миссиясы көзделіп, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді еңбекпен келетін әрбір материалдық құндылықтарға үнемшілдік көзқараста болуға баулу жұмысы жүргізілді.

Жыл бойы мектеп айналасында тазалық жұмыстарға, «Ең таза көше», «Таза мектеп» атты сенбіліктерге оқушылар қатысты (12,19.10.2017 ж., 21.04.17 ж.)

**Бағыт бойынша** нарықтық экономиканың даму кезінде белгілі бір еңбекте іс-әрекет саласына енуге ұмтылысымдарын қалыптасуда іс-шаралар өткізу.

**6. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша** білім алушылардың бойына психикалық тұрақтылықты және тиімді кәсіби қызмет қажеттілігін қамтамасыз ететін салауатты өмір салтын дарыту мен жеке тұлғалық сапаны қалыптастыру және оны іске асыруға алдын-алушылық білімдерін арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру адам ағзасының мүмкіндіктерін, оның қызметінің ерекшеліктерін болжау, адамның физикалық, психикалық және рухани саулығының өзара байланысы екендігіне, сондай-ақ тәрбиеленушілерді сан алуан спорт түрлеріне тікелей қатыстыру жолымен ағартушылық жұмыс барысында арнайы мақсат қойылып, біршама іс-шаралар жүзеге асырылады.

Мектепте спорт залы, спорт алаңы бар, спорттық құрал-жабдықтармен 70% қамтамасыз етілді.

Мектепте сабақтар сағат 08:30 да басталады. Оқушылардың жоғары белсендігін қамтамасыз ету үшін, сабақта денешынықтыру паузалары күнделікті жаттығулар, үлкен үзілісте қозғалмалы ойындар өткізіледі.

Мектептің асханасында оқушылар үшін қолжуғыш орнатылды және ішетін таза сумен қамтамасыз етілді (спенсермен).

Мектепте оқушының бойына сай, көру және есту қабілетіне байланысты жұмыс орнымен, парта, үстелдермен қамтамасыз етілді. Мектепте апталық сағаттар нормативтік жүктемеден аспайды. Сабақ кестесін жасағанда рұқсат етілген шекті ауыртпалық сақталған. Оқушылардың жұмыс атқаруын жоғары деңгейде сақтау үшін апта ортасында (сәрсенбі күні) жеңілдетілген оқу күні қарастырылды. Сабақ арасында үзіліс 10 минуттан, екі үлкен үзіліс 20 минуттан қойылды.

Мектеп бойынша оқушылардың түгелдей медициналық карталары бар. Медбике тәңертенгі мезгілде шағын орталық балаларының тазалығын тексерді. Үнемі асханада дайындалатын тағамдардың дәмін татып, рұқсат береді.

Жоспар бойынша әр түрлі аурулардың алдын-алуда жұмыстарын атқарылып тұрады. Санбеллютень шығарылады. Оқу жылының аяғында оқушылар түгел аудандық тереңдетілген медициналық тексерістен өтті. Қараған бала саны – 143.

Аз қамтылған, көп балалары отбасы балалары тегін ыстық бір мезгіл тамақпен қамтылды, уақытымен «с» витаминезациясы жүріп түрді. Тамақтану рациондары стандартқа сай ұйымдастырылды. «Мектептің үздік спортшылары» атты стенд шығарылды.

«Денсаулық күні» (09.09.17 ж.), «Денсаулық пойызымен саяхат» 1-4 сынып, «Дені сау ұлт – дені сау мемлекет» 5-7 сынып, «Біз ЖҚТБ-ға, нашақорлыққа, маскүнемдікке қарсымыз, біз салауатты өмір салты үшін» 8-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өткізілді. (11.09-16.09.17ж). «Біз нашақорлыққа қарсымыз!» тренинг (12.01.18ж), «Дұрыс тамақтану – болашақ ұлт денсаулығын сақтау!» онкүндік жоспары құрылды 1-11 сыныптар аралығында (03.04.-13.04.18ж), қыркүйек айында «Қатерлі топ» балаларын анықтау педагог – психологпен әңгімелесу, «Өмірді таңда» айлығы негізінде жоспар құрылып (15.02-15.03.18ж), «Өмірдің қиын жағдайына тап болған оқушыларға кеңес беру» үнемі, оқушылардың өмірінің қауіпсіздігін ұйымдастыру мақсатында «Қауіпсіз мектеп» айлығы қыркүйек айында, «Жаңа жылдық шырша кезінде қауіпсіздік» интерактивті сабақтар 1-11 сыныптарда (18.12-23.12.17ж), «Қатаң есте сақтандар – өрт өздігінен болмайды», «Өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін білуге міндеттісін» тәрбие сағаты (30.04-05.05.18ж), «Жол жүру ережелерінің ғажайып әлемі», «Жаяу жүргізуші болу ғылым» (21.05-24.05.18ж), демалыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтаймыз тәрбие сағаттары өткізілді. Баскетболдан, волейболдан, тоғызқұмалақтан, шахматтан мектеп біріншіліктері өткізілді.

Мектеп медбикесі ұйымдастыруымен 1-9 сыныптарға «Біз нашақорлыққа

қарсымыз» сыныпаралық іс-шарасы ұйымдастырылып, білім алушыларды зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын сақтауға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беріп, ойларын ашық айтуға үйрету, шығармашылық белсенділіктерін дамыту мақсаты көзделіп, білім алушылар арасында арасында салауатты өмір салтын насихаттауға мүмкіндік беріп, зиянды әдеттен арылтуға, білім алушылар бойында психикалық тұрақтылықты қалыптастыруға септігін тигізуге қадамдар алғышарттар жасалды (18.01.18 ж.)

Мектеп бойынша 1 желтоқсан –Дүниежүзілік ЖҚТБ-ға қарсы күніне арналған апталыққа сыныптар белсенді қатысты (04.12-09.12.2017). Апталық шеңберінде «Сенің таңдауың-сенің болашағың» атты үгіт бригада қойылымдар (бала саны-45,23.11), «Нашақорлықтан құтылудың тиімді жолы-есірткіге жоламау!» атты презентация көрсетілді (бала саны-65,7.12).

**Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша** оқушылардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша жүйелі жұмысты жалғастыру.

Дене тәрбиесі – сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау. Балалардың физиологиясына, санитарлық – мәдени ережесіне, танымдық орта құрудағы техникалық қауіпсіздігіне байланысты материалды - құрал жабдықтармен қамтамасыз ету.

**7.Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие беру бағыты бойынша** рухани-адамгершілік әсемдік арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыру, адам бойында қазіргі кезең дамуының маңызды міндеттері болып саналатын өнер құралдары арқылы анағұрлым жоғары сана-сезім, тұжырымдамалы ойлауға қабілет, әлемді тұтас бағамдай білетін, өзінің дербес шығармашылық қызметімен әлемдік құндылықтар туралы танымын толық іске асыратын, ұжымда жұмыс істеуге бейімді, мәдениет әлемінде және адамдармен қарым-қатынасты қалыптастыра білу қасиеттерін дамыту көзделіп, бірқатар іс-шаралар атқарылды. «Алтын күз» мерекелік шара қазан айында, «Толеранттық – мейірімділік әлемі,» 1-4 сынып, «Толеранттық – үйлесімді өзара қарым қатынас негізі» 5-7 сынып, «Толеранттық демократиялық қоғам шарты» 8-11 сынып (20.11-25.11.17ж), «Келдің міне, Жаңа жыл» мерекелік шара (25.12-28.12.17ж), «Наурыз – жыл басы» жалпы мектептік іс – шара 1-11 сыныптарда (19.03-20.03.18ж), театрларға, мұражайларға, көркемсурет, көрме, галерия, тарих орындарына экскурсия ұйымдастырылды. Қыздар клубының жұмысы: «Қызға тән нәзіктік, ұлға тән батылдық қасиеттер бойға ұлттық тәрбиеден келеді» пікірлесу іс-шара ұйымдастырылып, білім алушылардың эстетикалық талғамын көтеру, берілген тақырыпты әр түрлі жақтардан қарастыру, ақыл, жігерінің толысып дамуына әсер ету мақсаты көзделіп, білім алушыларды рухани-адамгершілік әсемдік арқылы, ұлттық және адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыру жұмысы



үйлестірілді. «Қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қозғалатын проблемалар» тақырыбымен қыз балалардың жеке гигиенасы бойынша қыздар арасында іс-шара ұйымдастырылып, шараның негізгі мақсаты ретінде білім алушыларға әсемдік, сұлулық деген ұғымдарды түсіндіру мақсаты қойылып, білім алушыларды рухани-адамгершілік әсемдік арқылы, ұлттық және адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыру.

**Эстетикалық тәрбие беру бағыты бойынша** оқушылардың көркемдік – эстетикалық қабілеттерін дамыту барысындағы педагогтардың ұйымдастырған жұмыстарын белсендіру

**8. зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша** білім алушылардың белсенді ойлау қызметінің дамуын, олардың сана-сезімінің сенімді және қажетті біліммен толығуын, ақыл-ой қабілеті мен білімге құмарлығын дамыту мақсаты көзделіп, «Жылдың үздік сыныбы» сайыс (5-10 сын.,08 .04.17 ж.). Мектептің қосымша білім беру педагогі ұйымдастыруымен «Жұлдыздар шеруі, озаттар шеруі» атты сайыс мамыр айында (1-11 сын), С.Торайғыров «Бір ел – бір кітап», «Ең үздік күнделік» акциясы байқауларына мектеп оқушылары жыл бойы қатысты.

### **Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың және қылмыстың алдын алу бойынша іс-әрекет алгоритмі**

Мектеп бойынша жалпы оқушылармен және мектепшілік есепте тұрған балалармен жүргізілген жұмыстардың негізгі түрлері: оқу процесіне қатысуын, бос уақытын қалай өткізетінін қатал қадағалау, демалыс кездерінде әр түрлі іс-шараларға міндетті түрде қатыстырып отыру, оқушылар таңдауы бойынша үйірмелерге және секцияларға қатыстыру, мектеп бойынша өтетін тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру.

Кешкі мезгілде өткізілетін іс-шараларда оқушылардың тәртібін қадағалау мақсатында ауыл әкімімен келісілген, мектеп директорымен бекітілген мұғалімдер, ата-аналар кесте бойынша кезекшілік атқарылды.

Кітапхананың құқықтық тәрбиедегі ролін оқушыларға жеткізу мақсатында кітапханада кітаптар көрмесі ұйымдастырылды (үнемі).

Демалыс кездерінде балалар мен жасөспірімдердің арасында қылмыстық жағдайларды болдырмау, олардың демалыстарын ұйымдастыру мақсатында спорттық және қызығушылыққа байланысты үйірмелер өз жұмыстарын үнемі жүргізді (үнемі). Әр сыныптың әлеуметтік паспортын жасақтау тамыз – қыркүйек, «Салауатты өмір салтын ұстануға,, зиянды заттардан аулақ болу» іс-шара өткізілді.

Алдын алу кеңес отырысында кездейсоқ жағдайлар, тәртіп бұзған, үнемі сабақ жіберетін оқушылар туралы, есепте тұрған оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру, үйірмелерге қатысу жұмыстары, т.б мәселелер қаралды.

Мектепшілік есепте тұрған қиын оқушылардың, сәтсіз отбасылардың тұрмыс жағдайлары тексеріліп, актілер толтырылды.

Жас полиция тобы (бала саны-10), участкелік инспектормен бірігіп «Түнгі қаладағы балалар»(тоқсанына екі рет), «Жасөспірім»(7.11.2017, 06.01.2018) атты рейдтер, акциялар барысында беймезгіл уақытта оқушылардың жүрісін тексеріп тұрды.

Ауылдағы мәдениет үйі, кафе – бар, т.б. жастар жүретін жерлер бақыланды. Кезекшілік кезінде түнгі тыныштықты бұзып жүрген оқушы болған жоқ.

Себепсіз сабақ жіберген балалар мектеп бойынша жоқ.

Тәрбие жұмысының жоспарында дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтын және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру бағытында нашақорлық және зиянды заттардың алдын алу бойынша тәрбие сағаттары, пікір талас, жаднама тарату, мультимедиялық презентациялар көрсету іс-шаралары өткізілді.

### **Мектепішілік есепте және сәтсіз отбасылар есебінде тұрған білім алушылармен жүргізілетін жұмыс бағыттары**

2017-2018 оқу жылында мектепте өзінің іс-әрекетімен *осы* категориясына жатқызылған білім алушы жоқ, бірақ оқушылардың сабаққа қатысу көрсеткішін және себепсіз сабақ жіберу, кешігіп келу фактілері бақылауға алынып, ата аналарымен тығыз байланыс орнатып, әлеуметтік педагог пен психологтің аталған білім алушылардың үйлеріне барып, әлеуметтік карта түзу, акт жасау, қорытындысымен мектеп әкімшілігіне ақпарат беру, әлеуметтік педагогқа және психолог пен сынып жетекшілеріне атқарылған жұмыстардың нәтижесі мен қорытындылары негізінде нұсқаулықтар беріліп, жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Оқушылардың жазғы демалысын дұрыс тиімді өткізуін қадағалау ата-аналары мен сынып жетекшілерінің тікелей қадағалауында болды.

### ***Салыстырмалы мәлімет***

<b>№</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>2017– 2018 оқу жылы</b>	<b>2016 – 2017 оқу жылы</b>
<b>1</b>	Мектепішілік есепте тұрған оқушылар	0	0
<b>2</b>	ТАІБ-де есепте тұрушы	0	0
<b>3</b>	Сәтсіз жанұялар	0	2
<b>4</b>	Сотталушы	-	-
<b>5</b>	Қылмыс жасаушы	-	-

**Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша әрі қарайғы бірлескен жұмыстар атқару мақсатында келесі мәселелер ұсынамыз:**

1. Кәмелетке толмаған бітірушілерін орналастыруы мәселесіне аса көңіл бөлу;
2. Құқық бұзушылық пен қадағалаусыздықтың алдын алу бойынша кеңес жұмысын күшейту.
- 3.. Отбасын қолдау қызметі жұмысының түрін күшейту,

1. Қолайсыз отбасыларының ерте анықталуына белсенді қатысу;

5. Әлеуметтік жетімдіктің және отбасылық сәтсіздіктің алдын алу, кәмелетке толмағандардың құқықтық мүдделерін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүйесін жандандыру;

### **Балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру (суицид) жұмысы бойынша мәлімет**

Мектебімізде балалар мен жасөспірімдердің бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру (суицид) жұмысы бойынша жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді.

Барлық оқушылар 1-11 сынып арасында педагогикалық-психологиялық тұрғыдан, ол өз -өздерін дұрыс бағыттай алмауы, өз-өзінің ішкі мәселесі мен жағдайын реттей алмауы, кері әсерлерге қарсы тұра алмауы, өзіндік ішкі қорғаныс бағытының жоқтығы, алға мақсат қоя алмайтын оқушылар жоқ, экономикалық-психологиялық тұрғыдағы себептер бойынша балалардың құрбы-құрдастары қатарынан қаржы-қаражат, киім - киісі, ақша жарату, материалдық-тұрмыстық жағдай жағынан жетіспеушілік байқалған жоқ.

Сонымен қатар мектепте жалпы мазасыздық, әлеуметтік стресті бастан кешіру, жетістікке жетудегі қажеттілік фрустрациясы, өзін-өзі көрсету қорқынышы, білімін тексеру жағдайындағы қорқыныш, қоршаған орта күтуіне сәйкес емес қорқыныш стресске төмен физиологиялық қарсылық, мұғаліммен қарым - қатынас кезіндегі қорқыныш пен проблемалар атты сауалнамалар, дөңгелек үстел, әңгімелер өткізілді.

Психология диагностикалық жұмыстар: «Социометрия», «Агрессивтік», «Депрессия», «Отбасылық социометрия»

Психологиялық алдын-алу шаралары: «Менің өмірдегі орным» (тренинг), «Өзің таңдаған өмір» (тренинг-кеңес), «Көңіл-күй неге және кімге байланысты» (семинар-тренинг кеңес), т.б.

Түзету-дамыту шаралары: «Өмір қымбатсын маған» (тренинг), «Эмоция мен сезім» (тренинг-кеңес), т.б.

Ата-аналармен жұмыс: «Жасөспірім шақтағы жас ерекшеліктері» (баяндама-кеңес), «Отбасы қарым-қатынасындағы жылыулық» (тренинг-дәріс), т.б.

Мектепте суицидтік әрекеті мен ойлары бар балалар анықталған жоқ. «Сенім жәшігі» жұмыс үстеуін қадағалауда.

## **Балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу шараларын ұйыдастыру туралы**

Оқушылардың бойында саналық қасиетін арттыру, саяси сауаттылыққа тәрбиелеу, болашақ ұрпақ, келешек қазақ жастарының саяси санасын оятып, “ланкестік” деген дүбірлі ұғымды түсіндіру, Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, жастарды рухани дайындау мақсатында көптеген жұмыстар атқарылды.

Мектеп бойынша оқушы жастар арасында теріс діни ағымдардың алдын алу жұмыстары жыл бойы жүргізілді. Оқушыларды идеологиялық тақырыптарға арналған ақпарат көздерімен таныстыру. Жастарға діни экстремизмге қарсы күрес жолдары туралы ақпарат беру. Өз Отанын, елін, жерін сүйуге, жеке басының адамгершілік қасиеттерін сақтай білуге, құрметтей білуге үйрету. Жастарды алдына мақсат қоя білуге, сын сәттерде шешімін таба білуге, азаматтық ұстанымын жоғары бағалай білуге, қорғай білуге үйрету. Оқушыларды қоғамға қарсы ұйымдастырылған діни ағымдардан аулақ болуға, адал білім алып, еңбек етуге тәрбиелеу мақсатында мектеп кітапханасында «Имандылық жолы-ізгілік жолы» атты көрме және жинақ папкасы әзірленді (бұқаралық ақпараттармен танысу, мәліметтер жинау) және библиографиялық шолу өткізілді..

Діни әдеп-ғұрыпты сақтайтын оқушыларды анықтау, бақылау жұмыстары жүргізілуде, мектеп бойынша жұма күні намаз оқитын оқушылар жоқ.

Мектепте "Дінтану негіздері" 9 сыныпта аптасына бір сағат, жылына 34 сағат өтеді. Осы сабақтарда діннің адамзат тарихында алатын орны ерекше екенін сонымен бірге дінге деген көзқарастар да әр дәуірде, әр қоғамда әрқилы болып келгендігін түсіндіріледі. сабақтарында оқушыларды әлемдік және дәстүрлі діндердің тарихы мен қазіргі жағдайы туралы, олардың қоғамда алатын орны, діни сенімдерінің еркіндігін, қабілеттерін қалыптастыруға және алған білімдерін өмірде пайдалана алуға бағытталған. Рухани-адамгершілік құндылықтары негізінде оқушыларды толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру, экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйретеді.

Күнтізбелік бағдарламам мемлекеттік білім стандартының берілген талаптарына сәйкес жасалып оқытылуда. Сабақ сарсенбі күні үшінші сабақ болады.

Оқушылардың өзге ұлттарға деген сүйіспеншілігін, сыйластығын тәрбиелей отырып, достық қарым-қатынасты қалыптастыруда “Дін әлемде салауатты өмір салты” атты мектеп бойынша тәрбие сағаттары оздырылды.

7-11 сынып оқушыларына “Теріс діни ұйымдарға алданып қалмаудың жолдары” атты жадынамалар таратылды..

Учаскелік инспектор “Экстремизм және заңнама” атты әңгіме жүргізді. Оқушыларға және ата-аналарға діни-экстремизм туралы түсінік беру және тәртіп сақтау,

экстемизмге қарсы іс-қимыл туралы Заңының бабтарымен таныстырды (қатысқан бала саны-27, ата-аналар саны-14).

Азаматтар мен ұйымдардан діни салаға қатысы бар барлық мәселелер бойынша ақпарат қабылдауға, сондай-ақ деструктивті қызметтен зардап шеккендерге кеңесшілік және психологиялық көмек көрсетуге арналған тәулік бойына істейтін БҚО дін істері басқармасы дін мәселелерін зерттеу орталығының сенім телефоны көрсетілген парақшалар ата-аналарға үлестірілді. 9-11 сынып оқушыларымен психолог, әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері бейтаныс жас адамдарға мекен-жайы, телефонын беруге, түрлі сылтауларға ілесуге болмайтындығы туралы айта отырып, 11 сынып оқушыларын болашақ студенттің қауіпсіздік ережелермен таныстырып өтті.

Тасқала діни ақпараттық-насихат тобы «Діни сектолардың жастарға әсері» атты іс-шара өткізді. Кездесуге 8-11 сынып оқушылары және жас мұғалімдер қатысты (оқушылар саны-33, мұғалімдер саны-12). Кездесу барысында аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.С.Дүйсенова қазіргі таңда үлкен қауіп төндіріп отырған экстремизм мен терроризм жайында айтып өтті. Бұл басқосуда аудандық мешіттің бас имамы жастар арасында жат ағымға ілесушілердің көп екенін айта келе, оқушыларға дұрыс дін мен бұрыс дінді қалай айыру керектігі жөнінде мағлұматтар берді. «Теріс діни ұйымдарға алданып қалмаудың жолдары», «Тұлғалықты қалай сақтау керек?», «Өмірді бағалай білетіндерге және өзіне сенетіндерге ақыл-кеңестер» атты жаднамалар таратылды.

Мектепте діни ұйымдарға тарту туралы насихат жұмыстары жүргізілген жоқ. Ауылда мешіт, намазхана және жұма күні намаз оқитын оқушылар жоқ.

Вахтадағы кезекшілер, түнгі қызметкерлер жұмыстық міндетіне сәйкес мектепке келген бөгде адамдарды келу мақсатын анықтап, мектеп басшыларының рұқсатымен ғана ғимаратқа кіргізеді.

Мектеп кітапханасында діни кітаптардың болмауын қадағаланды, акт толтырылды.

9-11 сынып оқушылары «Жасөспірімдердің діни тәлім-тәрбие мәселесіне көзқарасы» атты сауалнамаға қатысты және терроризмді алдын алу, сақтану мақсатында «Есіңде болсын! Есте сақта!» атты жаднама үлестіріліп діни ағымға бас бұрмауға және террорлық әрекеттерден аулақ болу туралы әңгіме өткізілді (бала саны-27, 14.04.18 ж.). Ата-аналармен «Діни адасушылықты болдырмау – ортақ борышымыз» кеңес, «Менің баламның қауіпсіздігі...» дөңгелек үстел, «Діннің қоғамда алатын орны» бейнефильм көрсету, Дін істер басқармасының мамандарымен кездесу секілді жұмыстар жүргізілді. «Қазіргі қоғамдағы діннің орны және деструктивтік діни ағымдарға қарсы тұру»

Осы шараның мақсаты терроризм мен діни экстремизмнің алдын алу және онымен күресудің жолдары, елімізге келтіретін зардаптарын жан-жақты талдап, оқушыларға ой салу. Іс-шараны өткізген дінтану пәнінің мұғалімі, бүгінгі таңда түрлі конфессиялар өкілдерінің бейбіт өмір сүруі және өзара тиімді қарым-қатынас жасауы үшін елімізде қолайлы жағдайлар жасалғанына тоқталды.

Бірақ соңғы кезде әлемнің көптеген елдері үшін терроризммен күрес мәселесі аса өзекті болып отыр. Алайда, кейбір дінде сенушілер агрессия мен діни радикализмнің

қауіпті формаларына бой алдырып, азаматтардың қауіпсіздігі мен мемлекеттің тұрақтылығына қауіп төндіруде туралы сөз қозғалды. Бейне баянды ролик ұсынды.

Бастауыш сыныптың оқушыларымен «Өзін-өзі қорғау дегеніміз не?» деген шара өткізіліп, бұл сабақта балаларға бейтаныс адамдармен сөйлесіп, оның айтқанына ілесуге. Бейтаныс адамдарға үй-жайы туралы хабардар етуге болмайтындығы туралы әңгімелер жүргізілді(12.05.18 ж., бала саны-38).

8-11 сынып оқушыларына – сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, психологтың қатысумен лекция жүргізілді. Бұл шараларда оқушыларға өзін-өзі қорғау, бейтаныс қоршаған ортада өзін-өзі қалай ұстауға, қауіп төнген жағдайда қандай іс-әрекет ету керектігі туралы кеңестер берілді, бейтаныс жас адамдарға мекен-жайы, телефонын беруге, түрлі сылтауларға ілесуге болмайтындығы туралы айта отырып, 11 сынып оқушыларын болашақ студенттің қауіпсіздік ережелермен таныстырып өтті.

Автобуста, көшеде өзін-өзі қалай ұстау керек екендігі туралы кеңес берді.

Мектепте діни ұйымдарға тарту туралы насихат жұмыстары жүргізілген жоқ.

Вахтадағы кезекшілер, түнгі қызметкерлер жұмыстық міндетіне сәйкес мектепке келген бөгде адамдарды келу мақсатын анықтап, мектеп басшыларының рұқсатымен ғана ғимаратқа кіргізеді.

### **Қорытынды:**

Сонымен, мектепте оқушылардың даму тәрбиесінде қорытынды жасалды.

- Біздің педагогтардың кәсіби шеберлігі және шығармашыл қабілеттері тәрбие үрдісінің сапасын көтеруге мүмкіндік береді.
- Тәрбиенің негізгі бағыттары бойынша жұмыстардың орындалғаны байқалды.

### **Келесі жылға:**

- Сынып жетекшілерімен және педагогикалық кадрлармен орындалатын жұмыстардың мақсаты : педагогтардың өз білімдерін жетілдіруіне, құзырлық кілттерін : тәрбиелік, қатынастық, ұйымдастырушылық, зерттеушілік, жобалаушылық қабілеттерінің дамытуына жағдай жасау.
- Жаңа дамыту технологиясын кеңінен еңгізу.

**Сонымен қатар, облыстық және аудандық білім беру бөлімдерінен келген кіріс құжаттары негізінде арнайы жоспар құрылып, шаралар өткізілді.**

## **БӨЛІМ ІІ Мектептің жаңа 2018–2019 оқу жылына мақсат – міндеттері**

- Жаңартылған білім беру аясында білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру;
- Критериалды бағалау принциптерімен танысып, мұғалімдердің оқушылар білімдерін бағалауда объективтік принципін ұстауға бағыттау;
- Мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау;
- Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету, өзара кәсіби бәсекелестік орнату, мұғалімдерді жаңаша шығармашылық жұмыстарға баулу, ынталандыру;
- Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне ықпал ететін интеллектуалдық шараларды өз дәрежесінде ұйымдастыру;
- ҰБТ, ОЖСБ орталығын құру, білім сапасының орта балын көтеру бағытындағы жұмыстарды жүйелеу, үздіксіздендіру, нәтижеге бағыттау;
